

	Жазған:	Оқу ісінің меңгерушісі (мектеп бойынша)
	Мақұлдаған	Басқарушылар кеңесі
	Шыққан немесе соңғы қаралған күні:	04/06/2024
	Келесі қаралу күні:	04/06/2025
	Саясат нөмірі	G02

## Балаларды қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету Саясаты мен Басты Ережелер

### 1. НЕГІЗГІ БАЙЛАНЫС НӨМІРЛЕРІ

<b>Мектеппен байланыс</b>	
Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы (DSL)	Лиан Домингез Директор орынбасары (Орта мектеп) <a href="mailto:l.dominguez@haileyburyastana.kz">l.dominguez@haileyburyastana.kz</a>
Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары (DDSL)	Лиам Стюарт <a href="mailto:l.stewart@haileyburyastana.kz">l.stewart@haileyburyastana.kz</a>
Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары (Админ)	Камила Ахметниязова <a href="mailto:k.akhmetniязова@haileyburyastana.kz">k.akhmetniязова@haileyburyastana.kz</a>
Қауіпсіздік басқарушылары	Пол Хант <a href="mailto:Paul.hunt@haileybury.com">Paul.hunt@haileybury.com</a>
Басқарушылар төрағасы	Иан Хант <a href="mailto:i.hunt@haileyburyastana.kz">i.hunt@haileyburyastana.kz</a>
<b>Сыртқы байланыстар</b>	
1. Білім және Ғылым министрлігінің Балаларды қорғау жөніндегі комитеті.	<a href="http://www.bala-kkk.kz">www.bala-kkk.kz</a> Тел 8 (7172)742528 немесе <b>150</b> Тел 8 (7172) 394289
2. Астана қаласының Білім департаменті	
3. «Human Rights» Қоғамдық ұйымы	Тел: 8 (7172)55-01-62, Тел:87782550162

	Тел: 8 (7172) 25-57-25
Халықаралық Балаларды Қорғау Кеңесшілері (ICPA)	www.icpa.co.uk info@icpa.co.uk +44 (0) 7836697397
COBIS (Британдық халықаралық мектептер консулы): қауіпсіздік қорлары мен сілтемелер	COBIS 55-56 Russell Square London WC1B 4HP UK +44 20 3826 7190  <a href="https://www.cobis.org.uk/about-us/what-is-cobis/safeguarding">https://www.cobis.org.uk/about-us/what-is-cobis/safeguarding</a>
Төтенше жағдай қызметтері Полиция Жедел-жәрдем / Денсаулық сақтау емханасы	112 102 (төтенше жағдайда қоңырау шалу) 103
Елшіліктер/Консулдықтар	Оқушының қандай ұлт өкілі болуына байланысты елшілік немесе консулдықтарға интернетте көрсетілген вебсайт арқылы хабарласу қажет
NSPCC (Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мәселелері бойынша Ұлттық ұйым): Ұлыбритания	+44 800 800500
Біріккен Ұлттар Ұйымының қашқындар ісі бойынша Жоғары Комиссары (UNHCR) Қазақстан	67 Төле би көшесі, 050000 Нұр-Сұлтан, Қазақстан +7(7272)584598 kazal@unhcr.org <a href="http://www.unhcr.org/kazakhstan.html">http://www.unhcr.org/kazakhstan.html</a>
Астана қаласындағы Ұлыбритания Елшілігі	<b>Қорғау бөлімі</b> <a href="mailto:DefenceSection.Astana@fco.gov.uk">DefenceSection.Astana@fco.gov.uk</a> Мекен жайы 62 Космонавт көшесі. Tel +7 (7172) 556200 немесе Ұлыбританиядан 020 7008 1500
UNICEF	010000, Астана Бейбитшилик көшесі, 10а, блок 1 +7 (7172) 32 29 69, 32 28 78, 32 17 97 <a href="mailto:astana@unicef.org">astana@unicef.org</a>
Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша сенім телефоны	1415

Жастарға арналған ұлттық сенім телефоны	<a href="http://www.telefon150.kz">www.telefon150.kz</a> 150
Жастар денсаулық орталығы «Шапағат»	30-02-48
Жастар денсаулық орталығы «Үміт»	24-08-49
Жастар денсаулық орталығы «Мейірім»	30-17-43
“Индиго” Отбасылық клиника	010000, Астана Культөбе көшесі, 11 +7 747 375 0000
Суицидтің алдын алу бойынша жеке клиника	010000, Астана Сейфуллин көшесі, 45/1, 8 (800) 301-31-54
Михаил Смецкой, Суицидолог	+7 777 652 89 90

## 2. САЯСАТ ЖӘНЕ БАСТЫ ЕРЕЖЕ

### Негізгі мәселелер:

- Бұл саясат мектептің барлық оқушыларына қатысты. Заң жүзінде, 18 жастағы немесе одан ересек жастағы балалар сыртқы тұлғалар тарапынан, мысалы ересек адамдардың тарапынан әртүрлі қысым көрулері мүмкін. 18 жастан төмен жастағы кез келген жасөспірім кәмелеттік жасқа толмағандықтан, осы саясатқа сәйкес бала болып саналады.
- Мектептің барлық қызметкерлері осы саясаттың жүзеге асырылуына жауапты.
- Кез келген туындаған мәселе жайлы, күзет қызметімен және \ немесе балаларды қорғауға қатысты, шұғыл түрде қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшыға (DSL) хабарлау тиіс; бұл тұлға жоқ болған жағдайда тез арада қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшының орынбасарына (DDSL) хабарлау тиіс
- Мектептің барлық қызметкерлері қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшы (DSL) мен қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшының орынбасарының (DDSL) кім екендерін жақсы білулері тиіс;
- Қылмыстық жағдай орын алған жағдайда, шұғыл түрде қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшыға (DSL) хабарлануы тиіс, бұл жауапты тұлға өз кезегінде полиция бөлімшесіне болған жағдайды хабарлайды;
- Барлық мектептің қызметкерлері DfE «Білім берудегі балалардың қауіпсіздігін сақтау» (KCSIE) Заңнамалық Басшылықтың Бірінші бөлімін оқып, танысуға міндетті. Бұл саясат соңғы нұсқаулықтарға сүйене отырып жазылғанына қарамастан, оның жергілікті жағдаяттарды ескеріп, мектеп өзі орналасқан аймақтағы ұлттық және мәдени контексте жұмыс істей алуын қамтамасыз етуі керек.
- Балаларды қорғау және қауіпсіздіктерін қорғауға қатысты кез келген жағдай құпия ұсталуы тиіс;
- Қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшы (DSL) мен қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшының орынбасары (DDSL) Қазақстан Республикасының,

сонымен қатар Ұлыбританияның алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен COBIS секілді халықаралық ұйымдардың барлық талаптарына сәйкес кез келген жағдай туралы шұғыл мәлімдеме жасап отыруға міндетті.

- Ересектерге күш көрсету жағдайы орын алған мәселелер Haileybury Astana мектебі қызметкерлерінің жүріс-тұрыс Кодексіне сәйкес қарастырылуы қажет.

## **КІРІСПЕ**

Haileybury Astana мектебі балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен жайлы атмосферада білім алуын жүзеге асырады, сонымен қатар мектептің барлық қызметкерлері мен мектепке қатысы бар кез келген ересек тұлғаны осы міндеттемені бөлісуге шақырады.

Бұл саясат мектептің әрбір қызметкері, ерікті қызметкері мен мектеп айналасында оқушылармен жұмыс істейтін тұлғаларға, сонымен қатар мектеп ауласынан тыс жерде өткізілетін іс-шараларда, мысалы, білімдік саяхаттар, сапарлар бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерге бірдей қатысты.

Сол себепті бұл саясат өзге де саясаттар қатарын толықтырып, қолдап отырады (мысалы, Шағымдану, Тәртіп, Саяхат, Денсаулық және қауіпсіздік). Мектеп қауіпсіздік аспектілерін басқа саясаттарды өңдеу барысында міндетті түрде қарастырып отырады. Мектептің қауіпсіздік шаралары аккредитацияланған заңды ұйымдардың стандарттарына сәйкес тексеріліп отырылады, мысалы, Қазақстан Республикасының Білім беру департаменті мен COBIS.

Мектептің қауіпсіздік саясатының негізгі принциптері мыналар:

- бұл саясат Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы Конвенциясына сәйкес келеді.
- Балалардың қауіпсіздіктері мен жайлы жағдайда білім алулары ең басты құндылық;
- Балалардың қауіпсіздігіне әркім жауапты. Баламен және отбасылармен тікелей қарым-қатынасқа түсетін тұлға баланың қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар, маңызды роль атқаратын болады.
- Балалар мен қауымдастықтың әрбір мүшесінің (жергілікті және ұлттық) айтқанын тыңдау қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізін қалайды, сонымен бірге әрбір баланың жеке қызығушылығына жауап берудің ең тиімді жолы болып табылады.
- Haileybury Astana мектебі «өз пікірін айту маңызды» деген қағиданы ұстанады және егер бірнәрсені байқаған не көрген, не сезген болсаңыз және ол туралы айтуым керек деген сезімде болсаңыз, ешқандай мәселе түкке тұрғысыз немесе маңызсыз болып саналмайды. Егер мәселе туындаған кезде бірден байқалса, оған көрсетілетін көмек те тезірек жүзеге асырылады;
- Мәселенің алдын алу немесе тез арада шара қолдану көмекке мұқтаж балаға шұғыл жәрдем беріліп, «өз пікіріңді айт» мәдениетінің маңыздылығын көрсетеді;
- Мектептің әрбір қызметкері қауіпсіздікке қатысты «осы жерде болып қалуы мүмкін» деген оймен әрқашан дайын жүруі тиіс;
- Қауіпсіз жағдайда білім алатын балалар білім алуда көбірек сәттілікке, жетістікке

жетеді;

- Мектептің барлық қауымдастығы, қызметкерлері, жергілікті әрі шетелдік, қауіпсіздік саясатын өңдеу әрі сараптау шарасына атсалысады;
- Қауіпсіздік саясаты мен оған қатысты өзге де саясаттар жыл сайын қарастырылып отырылады, егер қандай да бір төтенше жағдай немесе заңнама (қазақстандық немесе британдық), немесе басшылық тарапынан ешқандай жаңа заң қабылданбаса, аралық қайта қарастырылу қажеттілігі көрсетілмейді.

## ТЕРМИНОЛОГИЯ

**Балалардың қауіпсіздігі мен амандығына** оларды күштеуден, зорлық-зомбылықтан қорғау, денсаулықтары мен дамуының нашарлауының алдын алу, балалардың жағымды әрі қолайлы жағдайда өсуін қамтамасыз ету, қауіпсіздіктері мен ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін барлық шараларды қабылдау процестері жатады.

**Балаларды қорғау** күштеуден жапа шеккен немесе оның өміріне қандай да бір зиян келтіретін қауіптен қорғау процесіне жатады.

**Қызметкерлер дегеніміз** мектепте немесе оның атынан қызмет ететін, жартылай немесе толық жүктемемен, оның ішінде келісім бойынша қызметке алынған қызметкерлер де, мысалы, еден жуушылар мен аспаздар, уақытша немесе тұрақты, ақылы немесе ерікті түрде қызмет көрсететін барлық қызметкерлер.

**Бала** дегеніміз жасы 18-ден төмен жастағы кез келген бала. Біздің міндетіміз қамқорлығымыздағы **әрбір баланы**, 18 жастан төмен не одан жоғары жастағы, жайлы өмірмен, қауіпсіздікпен, мықты денсаулықпен қамтамасыз ету.

**Ата-ана** баланың туған ата-анасы немесе баланың қамқоршысы ролін атқарушы тұлға; мысалы, өгей әке-шеше, асырап алған отбасы, тәрбиешілер мен қамқоршылар.

Саясаттың толық мазмұнында **«тиісті»** және **«қажетті»** терминдері ерекше анықтамаға негізделі отырып жұмсалған. **«Міндетті»** термині белгілі бір тұлға заң бойынша бірнәрсені орындауға міндетті болғанда қолданады, сонымен қатар **«қажетті»** термині беріліп отырған кеңес орындалуы тиіс кезде қолданылады, тек қандай да бір нақты себептер көрсетілген кезде ғана жүзеге асырылмауы мүмкін.

**Haileybury Astana мектебіндегі Қауіпсіздік**



### Қауіпсіздікке:

- Оқушылардың денсаулықтары мен қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету;
- Балаға қатысты шағым мен өтінішті шұғыл түрде қажетті органдарға бағыттау;
- жәбірлеудің алдын алуға қатысты шаралар;
- күш көрсетудің барлық түрлерінің алдын алу немесе болдырмау, жою;
- балаларды алалау, дискриминациялау шараларының алдын алу, аңду секілді іс-әрекеттерді болдырмауға қатысты шараларды жүзеге асыру;
- физикалық тұрғыда күш қолдануды болдырмау;
- Оқушыға медициналық көмек қажет болған жағдайда шұғыл түрде көмек көрсету;
- Алғашқы жедел-жәрдем көмегін көрсету;
- Есірткі мен психобелсенді заттарды шектен тыс қолдану;
- Білім алу мақсатындағы сапарлар;
- Жеке басының саулығы (жыныс мүшелеріне жасалатын күтім);
- қауіпсіз интернет
- белгілі бір тұрғылықты мекенжайға қатысты не болмаса тұрғындар арасында туындайтын арнайы мәселелер, мысалы, қарақшылық, бұзақылық.
- мектептегі қауіпсіздік жатады.

### Балаларды қорғау заңдылықтары

Haileybury Astana мектебі толығымен Қазақстан заңдылығымен бекітілген моралдық міндеттерін және жауапкершіліктерін біледі, сонымен қатар балаларды қорғау және

өмірлерінің жайлылығын қамтамасыз етуге қатысты өзге де халықаралық стандарттарды ұстанады.

Біз мейлінше балаларды қорғайтын, сыйлап, құрметтейтін жайлы, қауіпсіз және қонақжай орта қалыптастыруға тырысамыз. Күш көрсету, қатаң жазалау және өз қызметін асыра пайдаланып, балаларды қорлау әрекеттері орын алған жағдайда мектепшілік процедураларды басшылыққа ала отырып, бірден белгілі шара қолданамыз, балаларды әділдікпен және қорғаныспен қамтамасыз етіп, тиімді қолдау көрсетеміз.

### **Саясат принциптері**

Naileybury Astana мектебінің принциптері Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар құқығына қатысты конвенция принциптеріне (UNCRC) сәйкес келеді. Бұл принциптер әр баланың негізгі құқықтары бар екендігін көрсетеді, осы принципті мақұлдау әрі мойындау ерекше орын алады.

Бұл құқықтарға:

- **өмір, өмір сүру және даму**
- **күштеуден, зорлық-зомдылық пен жәбірлеуден, кемсітуден қорғау,**
- **өз әлеуетін** толығымен жүзеге асыруына мүмкіндік беретін **білім беру**
- ата-аналарының ортасында **тәрбиеленуі** немесе олармен **тығыз қарым-қатынаста болу**
- **өз пікірлерін ашық айта алулары және өздерін тыңдата алу құқықтары жатады.**

Сол себепті баланың саулығы бірінші дәрежелі маңыздылыққа ие:

- Барлық балалар, жасына, жынысына, ерекшеліктері мен мәдениетіне, нәсілі мен тіліне, діні немесе жыныстық ұқсастығына қарамастан барлығы бірдей қорғау құқығына ие;
- Мектептің барлық қызметкерлері әрбір оқушының өміріне төніп тұрған қауіп болатын болса, оған қатысты кез келген ақпаратты табуға, оны жария етуге және кез келген күдікті әрекетке мән беруге барлығы бірдей жауапты;
- Балаларды қорғау мәселелерімен айналысатын балалар мен ересектер тиісті қолдаумен қамтамасыз етіледі.

### **Саясат мақсаты**

- мектеп қызметкерлеріне баланың өмірін қорғауға қатысты өз міндеттерін атқаруы үшін қажетті ақпаратты дер кезінде ұсыну;
- Озық, ең соңғы үлгідегі тәжірибемен қамтамасыз ету;
- Мектептің балаларды қорғау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтынын балаларға, ата-аналарға және өзге де серіктестеріне көрсету;

Мектептің Қауіпсіздік саясатына қатысты потрфелін толықтыруға үлес қосу.

### **Мектеп міндеттері**

Бұл тұрғыда мектептің саясатқа қатысты ұстанатын 7 негізгі ережесі бар:

1. Оқушылардың біліп алып, дамуын қамтамасыз ететін қауіпсіз орта құру; оқу бағдарламасына балаларды күштеу және мәжбүрлеу іс-әрекеттерінен қорғануды үйрететін, сонымен қатар ересек өмірдегі міндеттемелеріне қатысы бар шынайы қарым-қатынас пен өмірге төзімділік қасиеттерін дамыту дағдыларын енгізу;

2. Қауіпсіздікті басқару және жайлы өмір сүруді ұстануды мектеп ішінде толығымен қамтамасыз ету;
3. Балалар қауіпсіздігіне қатысты мәселелермен таныс болу шараларын арттыру, сонымен қатар мектепте жұмыс істейтін мектеп қызметкерлері, еріктілер мен келісім арқылы қызмет көрсетуші қызметкерлері баланың қауіпсіздігіне қатысты төтенше мәселе, жағдай орын алған уақытта не істеу керектігінен хабардар болулары тиіс;
4. Ұлыбританияның «Білім беру орындарындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» (2020) стандарттарының талаптарына және Қазақстан Республикасының заңдылықтарымен сәйкес жұмысқа қабылдаудағы қауіпсіз әдіс-тәсілдердің енгізілуін, сонымен қатар балалармен жұмыс істеуге жіберілетін жаңа қызметкерлер мен еріктілердің тиісті тексерулерден өткізілуін және тәуекелдерге қарсы тұра алуларын тексеруді қамтамасыз ету;
5. Қорғауды қажет ететін немесе академиялық жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін қосымша көмекке мұқтаж оқушыларға қолдау көрсету;
6. Өз қамқорлығымыздағы балаларды тыңдай білу, егер өздері қандай да бір қиын жағдайға тап болса, мектепте өздерін тыңдайтын ересек адамдардың бар екендігін түсіндіру, тек сондай кезде ғана балалар өздерін қауіпсіз сезініп, өз ойларын еркін айта алатын әрі тыңдай алатын болады;
7. Ересек адамдардың балаға немесе өзге ересек адамдарға қатысты қандай да бір уайымын ашық жеткізіп айта алатын ашық мәдени орта ашу, бұл арқылы олар қауіпті жағдай орын алған жағдайда қауіпсіз әрі тиісті түрде әрекет ете алу және өз сұрақтарына жауап ала алатын болады.

### **Құпиялылық**

Haileybury Astana мектебі баланың қауіпсіздігіне қатысты барлық мәселелердің құпия екендігін мақұлдайды. Қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшы және қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшының орынбасары осы мәселеге қатысты ақпаратпен қызметтік қажеттілікке қарай қатаң түрде принциптерге сәйкес бөлісетін болады. Адамдардың алаңдаушылықтары басқа еш жерде, Мектептің ішінде немесе Мектеп сыртында талқыланбауға тиіс, тек осы мәселеге қатысты мақсатты құрылған топ ішінде құпия кездесулерде талқыланады.

### **3. ҚАУІПСІЗДІК ЗАҢНАМАСЫ ЖӘНЕ НҰСҚАУЛЫҚ**

Haileybury Astana мектебі Қазақстан Республикасы, Ұлыбритания және сәйкес келетін тиісті аккредитацияланған ұйымдардың стандарттарына сай әрекет етуге тырысады. Олардың оқушылармен күнделікті байланыста болуы мектептің және колледждің қызметкерлеріне балалардың жүріс-тұрысындағы өзгерісті бақылап отыруға және күштеу немесе жәбірлеудің сыртқы белгілерін дер кезінде көрулеріне зор мүмкіндік береді. Кез келген бала қандай да бір қиын жағдайға тап болса немес қауіпсіздікті сезінсе, мектепте өзі сенім білдіретін ересек адамға ол туралы ашылып айта алады. Мектеп қызметкерлерінің қандай да күш көрсету белгілерін дер кезінде байқап, өз қауіптерін дұрыс жолмен жеткізе білу процедураларынан хабардар болғандары аса маңызды. Мектеп анықталған белгілер бойынша әрекет етеді, орын алған мәселенің әрі қарай дамуына жол бермеу үшін тиісті шаралар қолданады.



## **Ұлыбритания заңнамасы және нұсқаулық**

2008 жылы шыққан Кәсіби біліктілік және білім беру Заңының 94 тарауы Мемлекеттік хатшының тәуелсіз білім беру мекемелері үшін стандарттарды бекітуін талап етеді, бұл балалардың қауіпсіздігін, жайлы өмірін және денсаулықтарының мықты болуын қамтамасыз ету үшін қажет. Бұл стандарт 2014 жылғы Білім беру туралы Ережеде берілген (тәуелсіз мектептер стандарттары) (Ереже ISS 2014 ж.).

«Білім берудегі балалалардың қауіпсіздігін сақтау» Заңнамалық басшылығы (DfE, қыркүйек, 2020 ж.) 2022 жылғы Білім беру туралы Заңның 175 тарауына, 2014 жылғы Білім беру туралы Ережесіне (тәуелсіз мектептер стандарттары) және 2015 жылғы қолдау көрсетілмейтін арнайы мектептер Ережесіне (Англия) сәйкес шығарылады. Мектептердің барлығы мұны балалардың қауіпсіздігін және жайлы өмірін қамтамасыз ету бойынша өз міндеттемелерін жүзеге асыру барысында ескерулері қажет. Бұл дегеніңіз, мектептер оны бұлжытпай ұстанулары қажет, тек ерекше жағдаяттарда, мысалы Қазақстан Республикасының талаптарына қайшы келген жағдайда, не болмаса Қазақстандағы әлеуметтік қызметтердің Ұлыбританиямен салыстырғанда өзгеше ережелерге бағынуы секілді жағдаяттарда орындалуына өзгеріс енгізіледі.

**Мектептің барлық қызметкерлері дерлік қауіпсіздікке қатысты Жүріс-тұрыс кодексіне қол қюға міндетті, бұл олардың «Білім берудегі балалалардың қауіпсіздігін сақтау» ережесінің KCSIE 2020, кем дегенде, бірінші бөлімін оқығандарын және түсінгендерін растайды деген пункт енгізілген.** Бұл нұсқаулық Haileybury Astana мектебінің қауіпсіздікке қатысты мәселелерге үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын мақұлдайды.

2012 жылғы *Мұғалім стандарты* мұғалімдердің, оның ішінде мектеп директорын қоса алғанда, балалардың қауіпсіздіктерін, өздерінің мұғалімдік қызметіне деген қоғамның сеніміне қолдау білдірулері қамтамасыз етулері тиіс екендіктері айтылады.

[https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment\\_data/file/665520/Teachers\\_Standards.pdf](https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/665520/Teachers_Standards.pdf)

«Балаларды қорғау бойынша біріге жұмыс істеу» (DfE, наурыз 2015 ж.) Заңнамалық басшылығы заңнамалық талаптар мен жеке қызмет көрсету түрлеріне (мектептер мен колледждерді қоса алғанда) қатысты нәтижелерді балалардың қауіпсіздігі мен жайлы өмірлерін қорғау әрі жақсарту мақсатында қоса қарастырады.

[https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment\\_data/file/779401/Working\\_Together\\_to\\_Safeguard-Children.pdf](https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/779401/Working_Together_to_Safeguard-Children.pdf)

2015 ж. Алдын-алу қызметі басшылығы: 2015 ж. 1 шілдесінен бастап Ұлыбританияның барлық мектептері барлық функцияларын 2015 ж. қауіпсіздік пен лаңкестікке қарсы күрес Заңның 26 бабына сәйкес жүзеге асырған кезде «адамдардың лаңкестікке қатыстырылуының алдын-алуын есепке алуға» міндетті екендіктері айтылған. Мектеп «радикалдықта бейім адамдарды қорғау оларды зиянкестіктің басқа түрлерінен қорғаудан еш айырмашылығы жоқ» екендігін растайды.

[https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment\\_data/file/779401/Working\\_Together\\_to\\_Safeguard-Children.pdf](https://assets.publishing.service.gov.uk/government/uploads/system/uploads/attachment_data/file/779401/Working_Together_to_Safeguard-Children.pdf)

[t\\_data/file/439598/prevent-duty-departmental-advice-v6.pdf](t_data/file/439598/prevent-duty-departmental-advice-v6.pdf)

Балаларды зорлық-зомбылықтан сақтаудың Ұлттық қауымдастығының бағалауы бойынша, Ұлыбританияда жыл сайын жарты миллионға жуық бала күш көрсету құрбаны болады. Күш көрсету құрбаны болған бала жәбірленудің өзге де түрлерінің құрбаны болып табылғанымен қоймай, өз өмірінде өзге де түрлі қиындықтарға ұшырасады. Бұл бір рет қана болып қоятын нәрсе емес, оның өмірінің белгілі бір бөлігінде үздіксіз орын алатын жағдай, көбінесе бұл онлайн формада жүзеге асып жатады.

Білім берудегі балалардың қауіпсіздігін сақтау (2020) бұл бөлімді Балалардың психологиялық ахуалына енгізді.

Мектептің барлық қызметкерлері балалардың психологиялық тұрғыдан дені сау болмауына жекелеген жағдайларда күш көрсетудің, жәбірлеу мен қол көтеру секілді қастандықтардың құрбаны болып жүргендігі әсер ететіндігінен хабардар болулары қажет.

Баланың психологиялық тұрғыдан қандай да бір мәселеге тап болғанын тек кәсіби біліктілігі бар, тәжірибелі маман ғана анықтауы тиіс. Ал қызметкерлер күнбе-күн балаларды бақылауға ала жүріп, олардың психологиялық жай-күйлеріндегі қандай да бір ауытқушылықты немесе қандай да бір алаңдатушылық білдіретін жағдаяттың пайда болып келе жатқандығын анықтай алады.

Балалар жас кезінде күш көрсету мен кемсіту, не болмаса өзге де баланың жанын жарақаттайтын жағдайлардың құрбаны болса, бұл оқиға оның балалық шағында, бүкіл жастық шағында, ересек өмірінде де үлкен әсерін қалдыруы мүмкін. Ең басты нәрсе, қызметкерлер мұндай жағдайлардың балалардың психологиялық денсаулығына, білім алуына және жүріс-тұрысына әсер ететіндігінен хабардар болуы.

Егер мектеп қызметкері баланың психологиялық ахуалына белгілі бір себептерге байланысты қандай да бір алаңдатушылық білдіретін болса, қауіпсіздік қызметінің тағайындалған басшысы немесе қауіпсіздік қызметінің тағайындалған басшысының орынбасарымен сөйлесу арқылы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатына сәйкес шұғыл түрде бір шаралар қолдануы тиіс.

Департамент жәбірлеудің алдын-алу және болдырмау туралы, сонымен қатар психологиялық денсаулық пен мектептегі жүріс-тұрыс мәселелеріне қатысты нұсқаулық пен кеңестер жиынтығын жариялады (бұл колледждер үшін де пайдалы болып табылуы мүмкін). Бұған қоса, Англияның Қоғамдық денсаулық сақтау бөлімі денсаулықты нығайту, жастар арасындағы жайлы өмір мен сенімділікті нығайту мақсатында орта мектеп мұғалімдеріне қолдау көрсету үшін түрлі көрнекіліктер өңдеп шығарды, сонымен бірге оның ішінде «Балалар мен жастардың жайлы өмірі мен эмоционалдық саулықтарына әсер ету» нұсқаулығы да бар. Оның қорларында элеуметтік желілер, жағымды қарым-қатынас орнату, темекі шегу мен алкогольді ішімдіктер жайлы ақпараттар берілген.

**Психологиялық тұрғыдан қолдауды қажет ететін балалар**

Мектептер мен колледждер өз мекемелерінде білім алатын балалардың психологиялық ахуалына және жайлы өмір сүрулеріне қатысты қолдау білдіру тұрғысында маңызды роль атқарады.

Баланың психологиялық саулығындағы қиындықтарға, кей жағдайларда, оның жәбірлеу, кемсіту немесе күш көрсетудің құрбаны болуы әсер етуі әбден мүмкін. Басқарушы органдар мен оларға жауап берушілер баланың психологиялық денсаулығында қандай бір қиындық барын нақты анықтай алатын айқын жүйе мен процестердің бар екендіктеріне сенімді болулары шарт, оның ішінде, бағыт-бағдар беру үшін және есеп берудегі айқындылықты арттыру да болады.

Мектептер мен колледждер психологиялық тұрғыдан жәрдем алуды қажет ететін балаларды анықтау бойынша түрлі кеңестер ала алады, бұл жерде сыртқы агенттіктер көмегін де алуға болады. Қосымша ақпаратты мектептердегі жүріс-тұрыс пен психологиялық денсаулыққа арналған нұсқаулықтан ала алады, колледждер де осы тәжірибені озық тәжірибе ретінде негізге алуларына әбден болады. Англияның Қоғамдық денсаулық сақтау бөлімі денсаулықты нығайту, жастар арасындағы жайлы өмір мен сенімділікті нығайту мақсатында орта мектеп мұғалімдеріне қолдау көрсету үшін түрлі көрнекіліктер өңдеп шығарды

### **Қазақстан Республикасының Заңнамасы мен басшылығы**

Қазақстан Республикасының балалық шақ пен баланың құқықтарын қорғау бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес келетін балалардың өмір сапасын кепілдендіру құқықтары мен әлеуметтік қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізуде. Балалар өмірі сапасын халықаралық стандарттарға негіздеудегі маңызды қадам Қазақстанның 1994 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының «Балалар құқықтары туралы» Конвенциясын ратификациялауы болып табылады.

«Балалар құқықтары туралы» Конвенциясының басты принциптері Қазақстанның көптеген заңнамаларынан көрініс тапқан, оның ішінде: «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы», «Неке және отбасы туралы», «Отбасылық үлгідегі балалар ауылдары және жастар үйлері туралы», «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік, медико-педагогикалық және түзету бойынша қолдау көрсету туралы», «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықты реттеу және балалардың қараусыз қалу және бақылаусыз қалуын ескерту туралы» және өзге де заңдарын айтуға болады.

Балаларға қатысты қолданылатын күштеу, зорлық-зомбылық әрекеттері, бақылаусыз қалу, жайсыз отбасылар, үйсіз қалған балалар және бала күшін пайдаланудың түрлі жолдары (бала еңбегі және жезөкшелік) кезек күттірмей, шешімін табуды қажет ететін әлеуметтік мәселелер.

### **4. БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ПРОЦЕДУРАЛАРЫ**

Бала өмірінің қауіпсіздігін нәтижелі қамтамасыз ету мақсатында қажетті көмекті ертерек көрсету тиімдірек болмақ. Мектептің барлық қызметкерлері зорлық-

зомбылық немесе басқа да күштеу әрекеттері байқалған сәтте шұғыл іс-шара қолдану немесе оларды анықтауға бағытталған іс-әрекеттер өткізуге жауапты және балалар мен жасөспірімдерге қажетті көмекті бірлесе отырып көрсетуге атсалысулары қажет.

Білім берудегі балалар қауіпсіздігін сақтау: «егер бала қандай да зәбір көрсе немесе сондай жағдайға душар болатын болса, кез келген әрекет баланы қорғау мақсатында жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай іс-әрекет бала қауіпке кезікпей немесе қандай да зәбір көрмей тұрса да, бірақ қосымша қолдауға мұқтаж баланың қажеттілігін өтеу мақсатында да көрсетілуге тиіс» дейді.

Кейде жасалған жалғыз ғана жәбірлеу жағдайы балаға «елеулі зиянын» тигізуі мүмкін, мысалы «бүкіл өмірін» улауы немесе күш қолдану. Дегенмен бұрын және кейін болған осындай іс-әрекеттер жиынтығы баланың физикалық және психологиялық дамуына әсер етіп, оны өзгертіп жіберуі мүмкін. Кейбір балалар өзінің денсаулығы мен дамуына жете көңіл бөлінбейтін отбасыларында өмір сүруі әбден мүмкін. Мұндай салғырттық оның жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырады, кейде осының нәтижесінде эмоционалдық, физикалық немесе зорлау әрекеттері орын алуы ықтимал.

### **Күш көрсету белгілерін анықтау**

Біздің балаларымыздың өмірінде күштеу мен зорлық-зомбылықты болдырмау үшін, ең алдымен, күштеудің қандай түрлері болатынын, негізгі белгілерінің қандай болатынын анықтап, түсініп алғанымыз жөн.

Балаларға қатыгездік таныту дегеніміз балаларға әдейі күш көрсету, мәжбүрлеу, қастандық жасау, зиян келтіру (мысалы, баланы ұру арқылы соққыға жығу) немесе қастандықтың алдын-алу үшін ешқандай әрекет жасамау (мысалы, кішкентай баланы қараусыз үйде жалғыз қалдыру немесе қараусыз қалған баланың қолы жететін жерге сіріңкені көрсетіп тастап кету). Қатыгездік таныту ересек ер адамдар немесе әйел адамдар тарапынан, сонымен бірге өзге балалар мен жасөспірімдер тарапынан да болуы әбден ықтимал. Балаларға зорлық-зомбылық, күштеу мен мәжбүрлеу өз отбасыларында, басқа мекемелерде немесе олардың өздеріне таныс адамдар қауымдастығында, не болмаса олардың өздері танымайтын адамдар тарапынан (мысалы интернет арқылы) жасалуы мүмкін. Интернетті асыра пайдаланудың зиян жағы құмарлықтың шектен тыс артуы болып отыр, сол себепті мектеп қызметкерлері осы жағдайдан хабардар болып, оның кез келген жағдайда орын алуы мүмкін екендігін ескерулері тиіс.

Қатыгездік танытудың анықталған төрт түрі белгілі: физикалық күш көрсету, эмоционалдық күш көрсету, жыныстық зорлық пен кемсіту. Мектеп қызметкерлерінің барлығы қиянат жасау мен қорғау мәселелері жекелеген оқиғаларға қатысты сирек көрініс табатынын біледі, олардың барлығын бір ғана анықтама аясына сыйдыруға болады. Көптеген жағдайларда бірнеше мәселе бір-бірімен ұқсас келіп жатады.

### **Физикалық күш көрсету**

Физикалық күш көрсетуге баланы ұрып-соғу, сілкілеу, лақтыру, улау, күйдіру немесе булау, суға батыру, тұншықтыру немесе басқа да әдіс-тәсілдер арқылы баланың өміріне қауіп төндіру. Физикалық күштеу кейде баланың ата-анасының немесе қамқоршысының бірнеше белгілерді жинақтай келіп, баланың жанын ауыртуы арқылы да жүзеге асырылады.

### **Эмоционалдық күштеу**

Эмоционалдық күш көрсету – бұл тұрақты түрде балаға эмоционалдық тұрғыда қатыгездік таныту, ол өз кезегінде баланың психологиялық жай-күйінің қалыпты дамуы мен эмоционалды тұрғыда дамуын тежеп, күрделі әрі жағымсыз салдарының қалыптасуына әкеп соқтырады. Бұл іс-әрекетке балаға үнемі оның қолынан ештеңе келмейтіндігін айтып, тұқырта беру, оларды ешкімнің жақсы көрмейтінін айта беру, есінің дұрыс емес екендігін немесе өзге адамның қажеттілігін қанағаттандыра алатындықтары үшін ғана қажет екендіктерін айту жатады. Сонымен қатар бұл тізімге балаға өз пікірін білдіруіне тыйым салу, олардың сөздерін қасақана тыңдамау не болмаса олардың айтқандарын күлкіге айналдыру, өзгелермен қарым-қатынасқа түсуге тырысқан әрекеттерін мазақтауды да енгізуге болады.

Эмоционалдық күш көрсету балаларға шамадан тыс жас ерекшеліктерін ескерместен артылған үміт пен дамуларымен байланысты болуы ықтимал. Бұл жерге баланың даму мүмкіндігі шегінен асып түсетін әрекеттер, сонымен қатар шектен тыс қорғау мен шектеулі зерттеу мен білім беру, не болмаса баланы қалыпты әлеуметтік қарым-қатынасқа түсуінің алдын алу жатады. Мұның барлығы сіздің басқа біреуге жасалған қастандық пен мәжбүрлеу, зорлық-зомбылық жасалған әрекет туралы көргеніңіздің не естігеніңіздің әсері болуы мүмкін. Сонымен қатар бұл балаларды қатты қорқыту да болуы ықтимал (Интернеттегі қорқыту да жатады), бұл өз кезегінде баланың үнемі қорқыныш пен үрей сезінуін тудырады, сондай-ақ балалардың еңбегін пайдалану, қорлау әрекеттеріне әкеледі.

Эмоционалдық күш көрсетудің кейбір деңгейлері балаға жасалатын қатыгездіктің барлық түрімен байланысты болуы мүмкін, тіпті ол жекелеген түрде жүзеге асырылатын болса да осылай болуы ықтимал.

### **Жыныстық күш көрсету**

Жыныстық күш көрсету баланы қоздыру немесе жасөспірімді жыныстық қарым-қатынасқа түсуге мәжбүрлеу болып табылады, бұл жерде күштеу жоғары дәрежеде жүзеге асырылмауы да мүмкін, сондай-ақ бала не болып жатқанын түсінбеуі де мүмкін. Бұл іс-әрекетте физикалық байланыс орын алуы ықтимал, оның ішінде күштеп енгізу немесе ену (мысалы, зорлау немесе оралды жыныстық қатынас) немесе енгізу жүзеге асырылмай жасалуы да ықтимал, мысалы, мастурбация, сүю, жабысу, үйкелесу және киімнің сыртынан түртіп ұстау.

Жыныстық күш көрсету байланыссыз да жүзеге асырылатын болуы мүмкін, мысалы балаларға сексуалды суреттерді көрсету немесе оларға сондай әрекеттерді жасату, болып жатқан жыныстық қарым-қатынасты бақылату, балаларға жыныстық нәпсіні қоздыратын тұрпайы нәрселер жасату, баланы зорлау алдында оны сылап-сипалау (оның ішінде Интернет арқылы да). Жыныстық күш көрсету ер адамның тарапынан болатыны сияқты, әйел адамның да, балалардың да тарапынан болатынын білу өте

маңызды.

### **Кемсітушілік, менсінбеу**

Кемсітушілік, менсінбеу – баланың негізгі физикалық немесе психологиялық қажеттіліктерін тұрақты түрде қанағаттандырмау немесе қанағаттандыра алмау, бұл баланың денсаулығы мен дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Кемсітушілік, менсінбеу сезімі анасының екіқабат кезде зиянды заттарды пайдалануы әсерінен пайда болуы ықтимал. Бала туылғаннан кейін ата-анасы немесе оның қамқоршысы тарапынан жасалынатын кемсітушілікке:

- жеткілікті тағаммен, киім-кешекпен, баспанамен қамтамасыз етпеуі (үйден қуып шығу немесе тастанды ету);
- баланы физикалық және эмоционалдық күш көрсетуден сақтамау немесе қауіп-қатерден қорғамауы;
- тиісті бақылауды қамтамасыз етпеуі (күтім жасауға ақыл-есі дұрыс емес адамдарды жалдау); немесе
- қажетті медициналық көмекпен немесе ем қабылдаумен қамтамасыз етпеуі жатады.

Қатыгездіктің бұл түріне баланың негізгі эмоционалдық қажеттіліктеріне немқұрайды қарау, көзге ілмеу, менсінбеушілік әрекеттері де жатады. Балаларды күш көрсетуден сақтандырудың Ұлттық қауымдастығы жоғарыда аталған категорияларды анықтап шығарған, ал берілген анықтамалар «Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыстан» (DfE, шілде 2015 ж.) және «Білім берудегі балалардың қауіпсіздігін сақтау» (DfE) ережесінен алынған.

### **Қауіпсіздікке қатысты арнайы мәселелер**

Барлық мектеп қызметкерлері қауіпсіздікке қатысты кейбір мәселелер жайлы хабардар болуға міндетті, олардың кейбірі төменде тізімде көрсетілген:

- жәбірлеу, оның ішінде онлайн түрде жәбір көрсету (төменде берілген)
- баланың мектепке келмеуі— және Қосымша А
- баланың үйінен не қамқоршылар үйінен кетіп қалуы
- баланың жыныстық зорлық құрбаны болуы (CSE)— және Қосымша А
- қоршаған орта ықпалы
- отбасындағы күштеу
- есірткі
- ойластырылған немесе қолдан келтірілген ауру
- сеніміне кіріп алу, асыра пайдалану
- әйелдердің жыныс мүшесіне зақым келтіру
- күштеп үйлендіру
- қарақшылық немесе жастар арасындағы зорлық-зомбылық
- гендерлік қорлық \ әйелдер мен қыздар арасындағы зорлық-зомбылық
- жек көрушілік
- үйсіздік \ баспанасыз қалу
- психикалық денсаулық
- балалар мен ересектерге арналған стратегияның болмауы
- жеке тәрбие
- радикалдыққа бой алдырудың алдын алу

- қарым-қатынастағы күштеу, қорлау
- секстинг
- сауда-саттық
- көзге ілмеу, елемеушілік

Білім алудағы балалардың қауіпсіздігін сақтаудың А қосымшасында қиянат жасаудың нақты формалары мен қорғаныс мәселелері туралы қосымша маңызды ақпарат берілген. Мектеп басшылары мен балалармен тікелей жұмыс істеуге қатысы бар қызметкерлері осы қосымшамен таныс болулары шарт.

Қызметкерлер есірткі, алкагольді ішімдіктер, сабаққа келмеушілік пен секстингке қатысты іс-әрекеттер балалардың өміріне қауіп төндіретінін білуі керек.

Барлық қызметкерлер қорғауға қатысты мәселелердің әріптестер тарапынан қиянат жасауға қатысты туындауы мүмкін екендігін де білулері қажет. Бұл өз кезегінде келемеж ету (оның ішінде онлайн келемеждеу де болуы мүмкін), жыныстық күш көрсету \ жыныстық мәжбүрлеу және секстинг арқылы көрінуі мүмкін, дегенмен тек бұл көріністермен шектеліп қалмайды.

Қызметкерлер Naileubury Astana мектебінің өз құрдастары тарапынан болатын қиянат келтіру әрекеттеріне қатысты жүргізетін процедураларын нақты білулері өте маңызды.

### **Жәбірлеу**

Балалар арасында болатын жәбірлеу қатыгездік күш көрсетудің және кемсітудің жеке категориясы болып саналмаса да, оны алаңдатушылық пен уайым туғызатын іс-әрекеттер қатарына жатқызуға болады. Жәбірлеудің шарықтау шегі баланың өмірі үшін аса қауіпті салдарға әкеп соқтыруы әбден мүмкін, сонымен қатар жекелеген жағдайларда өз-өзіне қол жұмсау жағдайлары да орын алып жатады.

Жәбірлеудің кез келген түрі туралы дер кезінде хабарлаған дұрыс, тіпті Интернет арқылы болған қорқыту мен ескерту арқылы болатын қорқытуларды да ескеру қажет, сол кезде біз де оларды қорқытуға қатысты процедураламызды басшылыққа ала отырып бақылауға аламыз. Негізгі деңгей басшылары орын алған қорқыту туралы жазба жүргізіп, дер кезінде қауіпсіздіктің тағайындалған басшысына жіберіп отыруы қажет. Жәбірлеуге қарсы күреске қатысты мектептің саясаты жыл сайын қарастырылады және әр оқу жылының басында жарияланып отырады.

Қорқыту тақырыбы мектеп ережелерінде және азаматтық, медициналық және жеке әлеуметтік тәрбие бағдарламасы аясында (PSHCE) тұрақты түрде қарастырылып отырады. Егер жәбірлеу тым шектен шыққан болса немесе жәбірлеудің алдын алу процедуралы тиімсіз болып саналған жағдайда, мектеп директоры, қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы және қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары балаларды қорғауға қатысты жаңа процедураларды енгізу жағдайын талқыға салады.

### **Күш көрсету көрсеткіштері**

Физикалық белгілер кей жағдайда күш көрсетудің, қатыгездік танытудың орын алғанын көрсетеді, мысалы, көгеру, қансырау немесе физикалық немесе жыныстық

зорлаудан кейін сүйектің сынуы, не болмаса балаға тиісті деңгейде қараудың болмағандығы салдарынан жарақат алуы.

Физикалық белгілерді кейде бірден көру қиын болуы мүмкін, себебі балалар өз жарақаттарын барынша көрсетпеуге тырысады, оның себебі өз сыныптастарынан ұялауы мүмкін немесе күш көрсеткен адам оны біреуге айтса, жаңа жарақат не күш көрсетемін деп қорқытуы әсер етуі ықтимал. Оның үстіне, медициналық білімі жоқ кез келген адамға баланың алған жарақатын әдейі жасау әрекеті нәтижесінде болғанын не болмаса кездейсоқ алынған екенін анық айту қиын. Осы себептерге байланысты мектеп қызметкерлерінің қиянат көрсетудің индикаторлар диапозондарын білуі аса маңызды, сол кезде олар кез келген туындаған мәселе жайлы қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы және қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына хабарлай алады.

Жәбірлеу мен күш көрсетуден зәбір көрген баладан:

- көгеру, қансырау, күйгеннің іздері, сынық немесе өзге де жарақаттары;
- ауырсыну белгілері немесе жайсыздық сезінуі;
- тіпті күннің ыстықтығына қарамастан аяқ-қолдарын жауып ұстауы;
- Денешынықтыру сабағына немесе жүзу сабақтарына киім ауыстыруға мазасыздануы;
- Қараусыз және өзіне салғырт қарауы;
- Тамақтану әдебін бұзуы;
- Өзгелермен қарым-қатынас жасаудағы қиыншылықтарының болуы;
- Шошынған кейіпте болуы;
- Өз қауіпсіздігіне немқұрайды қарауы немесе өзгелердің қауіпсіздігіне мән бермеуі;
- Өз-өзіне зиян келтіруі;
- Өз үйіне қайтқысы келмейтін белгі беруі;
- Жүріс-тұрысында өзгерістердің болуы – момын қалыптан агрессивті жанға айналуы немесе алаңсыздықтан үндемес қалыпқа түсуі;
- Беделділік үшін тайталасуы;
- Мектеп өміріне деген қызығушылығын жоғалтуы;
- Үнемі шаршаңқы немесе алаңдаушылық кейіпте болады;
- Физикалық қарым-қатынастан қашқақтауы;
- Есірткіге немесе алкагольге жақын болуы немесе олар туралы жақсы хабардар болуы, не болмаса
- Өзінің жыныстық сауаттылығын жария етуі немесе өз жасына сай келмейтін іс-әрекеттер жасау белгілерін көруге болады.

Бөліп алынған көрсеткіштер жекелеп алғанда қиянат көрсетудің дәлелдерін сирек көрсете алады. Оларды үлкен кең картинаның бір бөлігі ретінде қарастыру дұрыс, олардың әрбір жекелеген бөлігі туралы берілген ақпарат қауіпсіздіктің таңғайындалған басшысына әрі қарай қандай шешім қабылдау керектігіне көмектеседі. Сол себепті де мектеп қызметкерлері өз қауіптері жайлы деп кезінде хабарлап отырулары өте маңызды. Қызметкерлерге баланың қауіпті жағдайда екенін дәлелдеп беретін «нақты айғақтар» қажет емес, дегенмен олардың қорғаушы рольдеріне қолдау көрсетілетіндіктен қауіпті белгілер мен



болжамдарға сүйене отырып әрекет етулері тиіс. Дұрыс берілген хабарламалар нәтижесіне тәуелсіз заң бұзушылық орын алғандығы туралы хабарламаға қатысты мектептің Саясатына сәйкес қарастырылады.

### **Қиянат көрсетудің салдары**

Балаларға қатысты жүзеге асырылған қиянат көрсету әрекеттеріне немқұрайды қарауға болмайды. Бала күнінде қиянат көрген, жәбірлеу құрбаны болғандар мазасыздану мен күйзеліске ұшырап, өз-өздеріне қол жұмсаулары мүмкін, тамақ ішу режимі бұзылып, алкагольге қызығушылық танытып, сонымен қатар психоматикалық құралдармен әуейі болып, тең емес және бүлінген қарым-қатынас құруы мүмкін. Сонымен қатар ұзақ уақыт бойы медициналық және психологиялық тұрғыдан қиындықтар сезінуі ықтимал. Көптеген балалар жазылып, болашақта өнімді, бақытты және сау қарым-қатынастар түзіп жатады, дегенмен мұндай жәбір көрген ересектер эмоционалдық сызатты қаншалықты жақсы жасырғандарына қарамастан, жүректерінде дақ болып тұратындығын айтады.

### **Шара қолдану**

Кез келген бала, кез келген отбасында, кез келген мектепте қатыгездікпен күш қолдану құрбаны болуы мүмкін. Мектеп қызметкері әр кез «осы жерде орын алуы мүмкін» деген позицияны ұстанып жүруі тиіс. Қызметкердің ескеруі тиіс негізгі сәттер:

- Төтенше жағдай орын алған кезде балаға көмек көрсету үшін шұғыл шара қолдану;
- Өз алаңдаушылығы туралы қауіпсіздіктің тағайындалған басшысына тез арада хабарлау;
- Өзінің жеке ешқандай зерттеу жұмыстарын жүргізбеуі тиіс;
- Ақпаратты «білуі керек» деген адамдармен ғана бөлісуі керек – хабарламамен өз әріптестерімен, достарымен немесе отбасымен талқыламауы тиіс;
- Алаңдаушылық жазбаны толтыру; және
- Өзіңіз күйзеліске түссеңіз, қолдауға жүгініңіз.

### **Баланың өміріне алаңдаушылық білдірсеңіз**

Кейде қызметкердің қолында нақты дәлелдері болмаса да, баланың өміріне қандай да бір қауіп төнгенін сезуі мүмкін. Мысалы, баланың жүріс-тұрысы өзгереді, оның іс-әрекеті алаңдатушылық тудырады, физикалық кейбір белгілердің көрінуі мүмкін жағдайлар. Мұндай жағдайда қызметкер баланың өзінің ашылып сөйлесуіне мүмкіндік беруі тиіс. Оның байқаған белгілері көптеген басқа да факторлар арқылы пайда болуы мүмкін; мысалы, ата-анасының алыстан келуі, жақын досы немесе туысының қайтыс болуы, атасы немесе әжесі ауырып қалуы. Қызметкер баладан жай ғана жағдайын сұрап, ешқандай көмек қажет емес пе сұрауы ғана мүмкін.

Егер бала, шынымен де, өзіне қандай да қиянаттың жасалып жүргенін растайтын болса, қызметкер төменде көрсетілген кеңестерге құлақ асуы тиіс. Баламен алғаш рет сөйлескен соң, қызметкер қандай да бір шикіліктің бар екенін сезсе, бұл мәселені қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысымен немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарымен талқылауы

тиіс.

### **Егер бала ашылып сөйлессе**

Балаға өзінің қандай да бір қиянат көріп, күштеуге ұшырағанын біреуге ашылып айтуы үшін батылдық қажет. Оның ұялуы мүмкін, әсіресе күш көрсету жыныстық сипатқа ие болса, оның күш көрсетушісі басқа біреуге айтса, нәтижесі жаман болатынын айтып, қоқан-лоқы көрсетіп, қорқытып қоюы мүмкін, осы себептен де олардың ересектерге деген сенімдері жоғалуы әбден заңды, кей жағдайда оларға күштеуге ұшырауларына тек өздері айыпты дегенге сендіріп қоюлары да ықтимал.

Егер бала мектеп қызметкерімен өзінің өміріне төнген қауіп жайлы немесе орын алған күштеу жайлы ашылып сөйлесетін болса, мектеп қызметкері балаға осы мәліметті қажетті тұлғаға жеткізетіндігін айтып ескертуі қажет – мектеп қызметкері ешқандай мәліметті жасырып қала алмайды, сонымен қатар ол балаға ешқашан осылай жасаймын, ешкімге айтпаймын деген уәде бермеуі тиіс. Сіздің балаға осы жайлы хабарлауыңыз сіздің кәсіби шеберлігіңізге байланысты. Егер сіз балаға бірден хабарлаймын деп айта салсаңыз, оқушы сізді тыңдағысы келмей тұр деп ойлап қалуы мүмкін. Ал егер баланы аяғына дейін сөйлетіп, тыңдап алатын болсаңыз, бала өзінің айтуға тиісті мәліметтен де көп артық нәрсе айтып қойғандай сезінуі ықтимал.

Баламен болатын мұндай әңгімелесу барысында мектеп қызметкері:

- Олардың еркін сөйлеуіне мүмкіндік беру;
- Сабырлық танытып, шектен тыс шығып кетпеу – бала өз тыңдаушысын ренжітіп алдым деп ойлап сөйлеуін тоқтатуы мүмкін;
- Әңгімелесу барысында басыңды изеп, қоштау көрсетіп, демеп отыру, жайлылық таныту қажет (“Сенің басыңнан осындай жағдай өткені өкінішті ”; “Менің көмектескім келеді”; “Бұған сен айыпты емессің”; “Сен менімен сөйлесіп дұрыс нәрсе жасадың”, т.с.с.);
- Тыныштықтан қорықпау – мектеп қызметкері балаға ашылып сөйлесудің қаншалықты қиын екенін сезінуі тиіс;
- Қандай жағдай болса да, тергеу сұрақтарын қоймаңыз (мысалы, бұл қанша рет болды, сенің бауырларыңмен де осы жағдай болды ма, ата-анаң бұл туралы не ойлайды деген сияқты сұрақтар қоймау);
- Лайықты уақыт келгенін сезгенде оқушыға көмек көрсету үшін тиісті құзіретті адамдарға осы мәселе жайлы жеткізуіңіз керектігін айтып түсіндіріңіз;
- Жайлылықты сезіндіру үшін ешқандай және ешқашан физикалық жақындасуды ұсынбаңыз. Бұл ештеңе болмауы да мүмкін, алайда күш көрсетуге ұшыраған бала болса, жағдай қиындай түседі;
- Баланы неге ерте айтпадың деп айыптамаңыз. «Осы әрекет басталған бірден айтқаныңызда ғой» немесе «естігеніме сене алар емеспін» деген сияқты сөздер қолдау секілді естілгенімен, баланың көзқарасы бойынша өздерін бірнәрсені дұрыс емес жасағандай сезінуі мүмкін.
- Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына бала өзім айтамын

деп уәде бергеніне қарамастан, болған жайды хабарлап айту;

- Олармен болған әңгімені тез арада жазып алып, алаңдаушылық формасын толтырып, Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына тікелей апарып беріңіз; және
- Өзіңіз күйзеліске түссеңіз, қолдауға жүгініңіз.

### **Ата-анаға хабарлау**

Әдетте Мектеп балаға қатысты кез келген мәселені оның ата-анасымен талқылайды. Мұндай әңгімелесу төтеннен емес, ақырын айтылуы тиіс. Қауіпсіздіктің тағайындалған басшысы немесе қауіпсіздіктің тағайындалған басшысының орынбасары қандай да бір орын алған жағдай туралы, сезіктенген оқиға болғанда немесе ашылып сөйлесу орын алғаннан кейін ата-анамен хабарласады. Дегенмен Мектеп ата-анасына баласының хал-жағдайынан хабардар етсе, оқушының жағдайы одан сайын қиындап кетуі мүмкін деп ойласа, алдымен мүмкіндігіне қарай Мектептің өзге агенттіктерден кеңес алғандары жөн.

### **Жыныстық зиянды әрекеттерге бейім балалар**

Баланың өз сыныптастары тарапынан жасаған қиянатты дер кезінде байқай білу өте маңызды. Егер сыныптас, жастас балалар бір-біріне қастандық не қиянат жасаған болса, мектеп қызметкерлері бұл әрекеттерді қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысына немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына хабарлаулары тиіс. Олар елеулі түрде зақым келтіру мүмкін екендігі байқалған жағдайда өз кезегінде сыртқы агенттіктермен хабарласып, кеңеседі. Сыныптастар мен жастас балалардың жасаған қатыгездік әрекеттер анықталған жағдайда ата-аналарына хабар беріледі.

Мектеп қызметкерлері жәбірлеу, келемеждеу арқылы жасалған зиянды әрекеттерді байқаған кезде Мектептің келемеждеуге қарсы процедураларына сәйкес әрекет ететін болады. Бірақ кей жағдайларда баланың жүріс-тұрысы қорқытуға қарсы процедураларды емес, балаларды қорғау аясында әрекет етуді талап ететін жағдайлар да орын алады. Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, балаларға жыныстық күш көрсетудің 30 пайызы 18 жасқа толмаған жасөспірімдер тарапынан жасалады екен.

Жыныстық зиянды әрекеттерге бейім балалар мен жасөспірімдерді бақылауға алу қиын мәселе. Мектеп мұндай жағдайда мектептегі барлық қауымдастықтың ортақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында осындай іспен арнайы айналысатын сыртқы агенттіктермен бірлесіп жұмыс істейтін болады. Жоғарыда айтылған мінез-құлық, әрекеттерді көрсететін жасөспірімдердің өздері бір күні зорлық-зомбылықтың, қорлықтың құрбандары болып қалуы әбден мүмкін. Ондай жағдайда балаларды қорғау процедуралары құрбан болғанға да, заң бұзушыға да тең қарастырылады. Жыныстық зиянды әрекеттер тұрғысынан қимыл-істері күдікті не алаңдаушылық тудыратын балалар туралы мектеп қызметкерлері қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысымен немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарымен хабарлаулары тиіс.

### **Балалардың жыныстық әрекетке мәжбүрленуі**

Жыныстық әрекетке мәжбүрлеу жекелеген адамдар немесе топтасқан ересек адамдар тарапынан жеке бір баланың немесе жастар тобының әлсіздігін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Аталған әрекеттің құрбаны ұл да, қыз да болуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдер көп жағдайда интернетте достық пен қамқорлық, сыйлық ұсыну, есірткі мен алкаголь, кейде тіпті баспана ұсынудың нәтижесінде жыныстық күштеудің құрбаны болып жатады. Жыныстық әрекетке мәжбүрлеу күрделі қылмыс болып табылады және баланың эмоционалдық және физикалық денсаулығына ұзақ уақыт бойы кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл әрекет сонымен қатар бала саудасына да байланысты болып табылады. Мектептің барлық қызметкерлері жыныстық әрекетке мәжбүрлеу әрекетінің индикаторлары туралы арнайы қауіпсіздік мәселелеріне қатысты курстарда білім алу арқылы хабардар болулары тиіс. Кез келген туындаған мәселе жайлы дер кезінде қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысымен немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына хабарлаулары тиіс.

### **Құпиялылық және ақпаратпен бөлісу**

Мектептің барлық қызметкерлері балаларды қорғауға қатысты сұрақтардың жоғары дәрежеде құпия болуы қажеттігін түсінеді, бұл тек баланы немесе қатысы бар қызметкерді құрметтеуге ғана қатысты емес, ол сонымен бірге әлеуетті дәлелдемелердің ашық әрі қолжетімді түрде жария етіліп, қоқан-лоқы жасалмауының кепілдігі де болып табылады. Қызметкерлер кез келген мәселені тек қызметтерінің тағайындалған басшысымен немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарымен, басшымен немесе басқарушы төрағамен (алаңдаушылық тудырып отырып тұлғаның кім болуына байланысты) ғана талқылай алады. Тек содан кейін ғана сол адам бұл ақпаратты кімнің «білуі керек» екендігі жайлы шешім шығара алады.

Балаларды қорғау туралы ақпарат Қазақстан аумағында мәліметтерді қорғау регламенттерінің Жалпы принциптеріне сәйкес өңделіп, сақтаулы болады (мамыр 2018 ж.).

Бұған қарамастан, балаларды зиянды әрекеттерден қорғау туралы Балаларды білім беруде қауіпсіздіктерін сақтау жазбасында, «ақпарат алмасу жөніндегі қорқыныш балалардың қауіпсіздіктерін қорғауға және жайлы өмірлерін қамтамасыз ету әрекеттеріне еш кедергі келтірмеуі тиіс» делінген.”

Балаларды қорғау туралы және өзге де жазбаша ақпараттар жабық ғимаратта сақталуы тиіс.

Жазбаға рұқсатсыз қол жеткізудің алдын-алу үшін барлық шаралар қарастырылады. Құпия ақпарат портативті компьютерлерде сақталмауы тиіс, себебі олар мобильді болғандықтан, жоғалуы немесе ұрлануы мүмкін. Мектеп қызметкерлері баланы қорғауға қатысты жазбаларды жазып болған соң файлдарын қызметтерінің тағайындалған басшысына немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына жібергеннен кейін қызметкерлердің компьютерлері мен олардың электронды пошталарының жазбалар есебінен жойып тастауы маңызды.

Балаларды қорғауға қатысты ақпарат баланың жеке файлынан бөлек сақталады. Баланы қорғауға қатысты жазбалар әдетте Ұлыбританияның ақпаратты қорғау

Заңының ережелеріне тәуелді емес. Бұл дегеніңіз, оқушылар мен ата-аналардың оны автоматты түрде қарап көруге құқықтары болмайды. Егер мектеп қызметкері ата-анадан немесе оқушыдан баланы қорғауға қатысты құжаттарды қарап көруге өтініш қабылдаса, бұл өтінішті басшыға жібереді. Ұлыбританияның балаларды қорғау туралы Заңы мектеп қызметкеріне қолдағы ақпаратпен тиісті агенттіктермен бөлісуіне тыйым салмайды, себебі ол нәтижесінде баланың өмірін қорғауда көмегі тиер ақпарат болады.

### **Қосымша қолдауды қажет ететін балалар мен отбасылары**

Балаға қандай да бір зақым келтірілгенде немесе елеулі бір қиянат жасалғаны белгілі болғанда, балалар мен отбасылары мектептен тыс басқа мекеме тарапынан қолдауға мұқтаж болған кезде, біз Мектеп директоры және мектеп директорының орынбасарымен кеңескеннен кейін ғана өз жауабымызды айта аламыз. Біз баланың және оның ата-анасымен не қамқоршысының келісімімен қолдауды дұрыс бағытта көрсету үшін үнемі тығыз байланыста боламыз, сонымен қатар Қазақстандағы балаларды қорғауға қатысты әлеуметтік процедуларға сәйкес, егер олар бар болса, әрекет ететін боламыз.

### **5. МІНДЕТТЕМЕНИ ЖӘНЕ ӘЙЕЛ БАЛАСЫНЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ МҮШЕСІН СҮНДЕТТЕУДІ 'ЖҮЗЕГЕ АСЫРМАУ' (FGM)**

Алдын-алу міндеттемесі – бұл Ұлыбританияның белгілі бір билік органдарына қатысты шығарылған 2015 жылғы лаңкестік пен қауіпсіздікке қарсы күрес туралы Заңына сәйкес өз қызметтерін дұрыс жүзеге асыру барысында адамдарды лаңкестікке араластырудың алдын алу қажеттілігін ескертетін міндеттеме. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының да алаңдаушылық білдіретін мәселесі. Ұлыбританияның Білім беру Министрлігінің нұсқаулығында (2015 ж. Маусым) мектептер мен балалар күтіміне қатысты жеткізу қызметтерімен айналысатын үшін өз міндеттеріндегі заң бұзушылықтың алдын алу үшін мына жазба берілген: «мектеп қызметкері радикалдық іс-әрекеттер құрбаны болуға бейім балаларды анықтаған кезде өзінің кәсіби біліктілігіне сүйене отырып дұрыс шешім қабылдауы тиіс».

Лаңкестік идеологияға бас ұрған адамды анықтаудың бірізді әдіс-тәсілі жоқтың қасы. Қорғауға қатысты басқа тәуекелдерді басқарудағы секілді мектеп қызметкерлері балалардың жүріс-тұрысына мән беру арқылы оның бойындағы өзгерістерді аңғарып, олардың қорғау мен көмекке мұқтаж не мұқтаж емес екендіктерін анықтауға тырысулары тиіс.

Егер мектеп қызметкерінің белгілі бір оқушыға қатысты алаңдаушылығы болса, ол туралы қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысына хабарлауы керек. Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары берілген сұрақты Қазақстанның сыртқы агенттіктеріне немесе шетелдік азаматтар үшін тиісті елшіліктерге бағыттау қажет не қажет емес екендігі туралы шешім шығарады.

Ұлыбританияда, 'Channel' лаңкестік әрекеттерге атсалысуға бейім деп анықталған адамдарға ерте кезеңде көмек беруге атсалысатын бағдарлама:

[www.gov.uk/government/publications/channel-guidance](http://www.gov.uk/government/publications/channel-guidance)

### **Осалдық белгілері**

Жалпы алғанда жасөспірімнің радикалдық әрекеттерге бейім екендігін анықтайтын нақты көрсеткіштер жоқ, дегенмен тәуекелді арттыра түсетін факторлар жетерлік.

Осалдық белгілеріне мыналар жатады:

- үлгермеушілік
- экстремистік әдебиеттер оқу
- кедейшілік
- әлеуметтік оқшаулану
- жарақат салған оқиғалар
- әлемдік немесе ұлттық масштабтағы оқиғалар
- дінге бас ұру
- мінез-құлқының өзгеруі
- экстремистік әсердің болуы
- өмір сүру салтына байланысты отбасымен келіспеушілік
- адасқан тұлға
- нәсілшілдік немесе жеккөрушілік негізінде жасалған қылмыс куәгері немесе құрбаны болу
- өз сыныптастары мен жастас құрдастарының, отабасының, әлеуметтік топтардың немесе дін тобының қабыл алмауы.

### **Лаңкестікті анықтау**

Радикалдық пен лаңкестік әрекеттерді ерте кезде анықтау белгілеріне мыналар жатады

- лаңкестік әрекеттерді жақтау
- өзге мәдениет және дін өкілдеріне күш көрсетуді қолдау, мадақтау
- мектептен тыс жерде лаңкестік іс-шараларға қатысу немесе атсалысу туралы пікір білдіру немесе ескерту жасау
- заңсыз немесе экстремистік әдебиеті болуының айқын дәлелі бар
- өзге экстремистік топтардың немесе заңсыз ұйымдарға ұқсас мекемелердің хабарламаларын тарату, қолдау
- мінез-құлқындағы өзгерістердің байқалуы: киім киюінде, жүріс-тұрысы мен өз құрдастарымен қарым-қатынасында (қазіргі таңда Интернетте түрлі бағдарламалар мен желілер арқылы түрлі адамдармен қарым-қатынас, байланыс орнату мүмкін болғандықтан, олардың белгілі бір топ мүшесі болғандығын анықтау қиын)
- күдікті жүріс-тұрыс
- Интернетте экстремистік хабарламаларды немесе әлеуметтік желілердегі профильдерді тарату
- Өзгерістерге шыдамсыздық таныту, оның ішінде мәдени, діни, жыныс, нәсіл немесе жыныстық қатынасы
- Граффити, өнер туындысы немесе экстремистік тақырыптағы хаттар

- Өзгелерге өзінің экстремистік көзқарасы мен әрекеттерін жүктеу
- антибатыстық және антибритандық көзқарастарға пікір білдіру
- өзгелерге күш көрсету әрекетін тарату, қолдау

### **Әйелдің жыныс мүшесін сүндеттеу (FGM)**

Әйелдің жыныс мүшесін сүндеттеу (FGM) балаға күш көрсетудің бір түрі және әйелдер мен қыз балаларды қорлау болып табылады, сол себепті балаларды қорғауға қатысты процедуралар мен қорғау саясатының бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Англияда, Уэльс пен Солтүстік Ирландияда 2003 жылғы Заңға сәйкес әйелдің жыныс мүшесін ота жасау арқылы зақым келтіру заңсыз әрекет болып табылады.

Мектеп қызметкерлері қыз баланың өз ағасы, әпкесіне қатысты немесе жақын досына қатысты әйелдің жыныс мүшесін ота жасау арқылы қатыгездік әрекеттің зақым келтіру құрбаны болғаны туралы ақпаратпен бөлісуі мүмкін екендігінен хабардар болулары тиіс. Әйелдің жыныс мүшесін сүндеттеу әрекеті орын алуы мүмкін деген күдікті жағдайда хабарлау қажеттігі туралы талапқа мән берулері қажет, бұл 2015 жылдан бері Ұлыбританияда міндетті міндемете болып табылады. Әйелдің жыныс мүшесін сүндеттеу әрекеті орын алуы мүмкін жағдай белгілі болса, шұғыл түрде қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысына немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына хабарлау қажет.

## **6. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ АТҚАРАТЫН РӨЛІ**

### **Кәсіби тұрғыда күтілетін нәтиже**

Біздің балаларымызбен және олардың отбасыларымен қарым-қатынасқа түсетін кез келген тұлға баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде белгілі бір роль атқарады. Біз кез келген мәселе туралы ерте кезде шара қолданып, балаларға көмек көрсету арқылы алаңдаушылықтың өршіп, дамуына жол бермеуге тырысамыз. Бұлай әрекет етуіміздің себебі біз өзіміздің баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде өмірлік маңызы бар роль атқаратындығымызды сезінуімізде. Полиция қызметкерлерімен, денсаулық жүйесімен және өзге де балалармен қатысты қызмет көрсету орындарымен балаларды зиянды әрекеттерден қорғау және олардың өмірлерінің жайлы болуы үшін бірге күресеміз, жұмыс істейміз.

Біздің мектебіміздің барлық қызметкерлері 2012 жылғы Мұғалім Стандартында көрсетілгендей, мұғалімдер де, мектеп директоры да балалардың жайлылығын қамтамасыз ете алулары керектігін, мұғалімнің өзіндік кәсіби міндеттемелеріне қоғамдық сенімнің болуын қамтамасыз етуі керектігін біледі. Бұл стандарт сонымен бірге сынақ мерзіміндегі жаңа қызметкерлерге де, шақырту арқылы келген қызметкерлерге де және жаңа кәсіби білікті мұғалімдер үшін де ортақ. Біз бұл стандарттың талаптарын қатаң ұстанамыз, мектепте тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда қажетті мектепішілік процедураларды жүзеге асырамыз.

## **Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы**

- Мектепте өз қызметтік міндеттемелерін жүзеге асыру үшін белгілі статусқа және өкілеттілікке ие, оның ішінде қорларды бөлу, өзге қызметкерлерді басқару және қолдау көрсету;
- Екі жылда бір рет балаларды қорғау мәселелеріне қатысты жаңартылған бағдарлама бойынша оқудан өтуге міндетті;
- Мектеп қауымдастығы үшін қолдау мен тәжірибе көзі болып табылады;
- Балаларды тыңдау және олардың талап-тілектеріне құлақ асу, көңілдеріне назар аудару мәдениетіне қолдау көрсетеді;
- Көмекке мұқтаж және білім алуда ерекше қолдауды қажет ететін (SEN) балалардың нақты қажеттіліктеріне мұқият көңіл бөлу;
- Nailebury Astana мектебінің процедураларымен жұмыс істей алады;
- Ескертулермен жұмыс істеу бойынша оқудан өткен және түрлі агенттіктерге немесе Ұлыбританияның Channel бағдарламасына қалай хат жазу керектігінен хабардар;
- Ерте көмек көрсету және араласу бойынша жергілікті деңгейде келісілген процестерді түсінеді;
- Барлық туындаған мәселелер жайлы жазба жүргізеді, мұндай жазбалардың сенімді сақталатындығына кепілдік береді, баланың жалпы файлына белгі соғылғанымен, одан бөлек сақталады;
- Қандай да бір қиянат келтіретін іс-әрекеттердің орындалатыны туралы хабар алса, шұғыл түрде жергілікті қызметтерге немесе полиция бөлімшесіне хабарлама жібереді;
- Мектептен кетіп бара жатқан кез келген оқушы үшін баланы қорғауға қатысты істің құпия түрде (оқушының негізгі іс құжаттарынан бөлек) оқушының бара жатқан жаңа мектебіндегі тиісті тұлғаға шұғыл жеткізілетіндігіне кепілдік береді;
- Баланы қорғауға қатысты конференцияларға барады немесе қатысады;
- Баланы қорғауға қатысты мектептің жоспарына өз үлесін қосады;
- Тиісті мемлекеттік және ерікті агенттіктермен тиімді байланыс орнатады;
- Барлық мектеп қызметкерлерінің балаларды қорғау туралы Саясатпен және жүріс-тұрыс Кодексімен танысып, оқып шыққандарын, түсінгендеріне көз жеткізіп, қол қойғандарын бақылайды;
- Қызметкерлердің балаларды қорғау бойынша қатысқан оқу курстарының есебін жүргізуді қамтамасыз етеді;
- Қауіпсіздік пен балаларды қорғау бойынша Саясаттың жыл сайын қайта қаралып, жаңартылып отыруын қамтамасыз етеді;
- Қажет болған жағдайда мектеп директорымен және төрағамен байланыста болады;
- Қауіпсіздік пен балаларды қорғау бойынша Саясатты мектеп сайтына жариялап отырады;
- Қауіпсіздікпен қамтамасыз ету жайында Мектептің атқаратын ролі туралы ата-аналардың хабардар болуын қамтамасыз етеді, балаға қатысты қатыгездік әрекет немесе жәбірлеу орын алған жағдайда бағыттау іске асырылатынын ескертеді;
- Басшылық болмаған жағдайда қызметкерге қатысты істі қажет тұлғаға бағыттап отырады, басқарма Төрағасына және \ немесе ақпарат пен тыйымдарды жария



ету Қызметіне (DBS); және

- Мектептің өз міндетін толық атқарғандығы жайлы жылдық есепті басқарушыға тапсырып отырады. Кез келген кемшілік анықталған жағдайда қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы тез арада кейінге қалдырмастан бірден ретке келтіреді.

### **Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары (DDSL)**

- Кемінде екі жылда бір рет бала қауіпсіздігі мен қорғанысына қатысты оқудан өтуі тиіс. Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы жоқ болған уақытта қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары Мектептегі қауіпсіздік пен балаларды қорғанысын қамтамасыз ету функцияларына қатысты барлық міндеттемелерді атқарады;
- Түрлі қызметтік міндеттемелерін жүзеге асыру үшін Мектепте белгілі бір статус пен өкілеттілікке ие болуы қажет, оның ішінде қорларды үлестіру, өзге қызметкерлерге қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беру;
- Жоғарыда көрсетілгендей, қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы жоқ болған мерзімде оның барлық қызметтік міндеттемелерін атқару жауапкершілігін алады;

### **Басқарушылар Кеңесі**

- Балаларды қорғау мәселелеріне қатысты басқарушыны тағайындау, тағайындалған тұлға балаларды қорғау мәселелеріне қатысты базалық дайындыққа қоса ведомствоаралық жұмыстар бойынша да оқудан өтуі міндетті;
- Мектепте қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының (DSL)болуын қамтамасыз ету, оның атқаратын ролі жауапты тұлғаның қызметтік нұсқаулығында нақты көрсетілген;
- Мектептегі қауіпсіздік пен балаларды қорғанысын қамтамасыз ететін саясат пен нақты процедуралардың бар екендігіне кепілдік береді, оның ішінде қызметкерлердің қауіпсіздікті қамтамасыз етуі бойынша жүріс-тұрыс кодексі де бар, ол Ұлыбритания мен Қазақстанның заңнамалық талаптарына, сонымен қатар аккредитациялаушы органның стандарттарына сәйкес келеді, ол өз кезегінде жыл сайын қайта қаралып, басқарушылар Кеңесі Төрағасының қолы қойылады;
- Мектептің веб-сайтындағы балаларды қорғау мен қауіпсіздік аясындағы Мектеп Саясаты мен процедураларын көпшілікке қолжетімді етеді \ кейде жағдайға байланысты басқа да тәсілдер қолданылуы мүмкін;
- Мектепте қызметкерлерге қатысты қатыгездік әрекеттердің орын алуын қарастыратын өтініштерді қарастыратын процедуралардың болуын қамтамасыз етеді, оның ішінде басшының өзін де айыптауға болатын немесе өзге балаларға қатысты айыптаулар да орын алуы мүмкін;
- Мектептің жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдар алдында бұдан да қауіпсіз процедуралардың сақталуын қамтамасыз ету, оның ішінде қызметкердің балалармен жұмыс істеуге жарамдылығын тексеретін тексеру түрі де бар;
- Қауіпсіздік пен балаларды қорғау бойынша тиісті оқудан өту және кіріспе нұсқаулық кезінде Мектептің қауіпсіздігі жайлы ақпаратты мектеп директорымен қоса, барлық қызметкерлердің де хабардар болуын кепілдендіретін оқыту

стратегиясын Мектептің өңдеп шығаратындығына кепілдік береді; ол өз кезегінде өзгеріп отыратын заңанама талаптары мен аккредитация талаптарына сәйкес тұрақты түрде жаңартылып отырады;

- Мектептің келіссөз арқылы қызмет көрсететін барлық қызметкерлерге, уақытша қызметкерлер мен еріктілерге Мектептің қауіпсіздік пен балаларды қорғауға қатысты өткізетін барлық іс-шараларынан хабар беріп отыратындығын кепілдендіреді;
- Қажет болған жағдайда Мектептің кез келген ведомствоаралық жұмыстар мен жоспарларға қатысуын қамтамасыз етеді;
- Оқушылар тарапынан қосымша көмек қажет етілген жағдайда оның алғашқы кезеңінде шұғыл көмек көрсету бойынша Мектептің тиімді ұсыныстар беруін қамтамасыз етеді;
- Мектептің балаларды еңбекті қорғауға үйрету жолдарын білетіндігіне кепілдік береді, оның ішінде теңдестірілген оқу бағдарламасы аясында онлайн-қауіпсіздік те ескерілуі тиіс; және
- Қауіпсіздік пен балаларды қорғауға қатысты Мектептің процедуралары мен Саясатынан табылған кез келген кемшілік пен олқылық басқару кеңесіне шұғыл түрде жеткізіліп, тез арада ретке келтіреді.

Басқарушылар кеңесі қауіпсіздік пен балаларды қорғауға қатысты стратегиялық мәселелерге байланысты агенттіктермен арадағы қарым-қатынасқа, сонымен қатар мектеп директорының атына немесе басқарушылар кеңесінің атына шағым түсірілген жағдайда жауап беретін мүшені тағайындайды. Басқарушылар Кеңесі жұмысқа қабылдау, өтініштерді қарастыру және қорғау процедураларының Қазақстан мен Ұлыбританияның ұлттық басшылықтарына, сонымен қатар аккредитациялау органдарының талаптарына сәйкес келуіне жауап береді.

### **Мектеп директоры**

- қауіпсіздік пен балаларды қорғауға қатысты процедуралар мен саясатты мектептің барлық қызметкерлерінің ұстанатындығына кепілдік береді;
- оқуға, қолдауға және қорларды толықтыруға жеткілікті уақыттың болуын қамтамасыз етеді, соның ішінде қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы мен оның орынбасарының өз қызметтерін тиімді атқара алуларын, оның ішінде, балалардың іс-әрекетін бағалау, стратегияларды қарастыру және өзге де қажетті кездесулерге қатыса алуларын қамтамасыз ету мақсатында оларды алмастыру процестерін де жүзеге асырады;
- кез келген мектеп қызметкерінің өзін алаңдатқан қандай да бір қауіпті жағдай немесе заңға қайшы әрекеттер жайлы ашық айта алуын кепілдендіреді, сонымен қатар мұндай сұрақтардың тез арада әрі «бетін ашу» процесін жеделдету процедураларына сәйкес өтуін қамтамасыз етеді;
- барлық оқушыларға оқу бағдарламасы аясында және алдын-алу іс-шаралары аясында қауіпсіздік шаралары туралы, оның ішінде Интернеттегі қауіпсіздік жайлы біліп отыруларын кепілдендіреді;
- егер қызметкерлердің біріне немесе басқарушылар Кеңесіне айып тағылған болса, басқарушылар кеңесінің Төрағасымен тығыз байланыста болады; және
- баланың өміріне қауіп төндіретін немесе қиянат жасаған кез келген тұлға

ақпаратты немесе тыйымды ашу Қызметтеріне (DBS) жіберілетіндігіне немесе ол Ұлыбритания азаматы болса, не болмаса өзге де шетелдік болса, тиісті елшілікке жіберіледі.

### **Медициналық көмек көрсету командасы**

Медициналық бригада «Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыс» (DfE, наурыз 2015 ж.) және «Білім берудегі балалардың қауіпсіздігін сақтау» (DfE) жұмыстарының көшірмесін басшылыққа алады, сонымен қатар олардың балаларға қатысты жасалған жәбірлеу, күш көрсету әрекеттерін анықтайтын және тиісті шараларды қабылдауда басшылық ететін жеке хаттамалары бар. Медбикелер медбикелер және акушерлер Кеңесінің жүріс-тұрыс Кодексіне сәйкес жұмыс істейді. Олар қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысымен және мектептің күзет тобының мүшелерімен, мысалы, еңбекті қорғау командасымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Дәрігердің бұл туралы мектеп директорына немесе ауруханаға хабарлауы тиістігін көрсететін заңдық және келісімдік міндеттемелері бар. Медициналық қызметкерлер балалардың өмірін жақсартуға және оларды қорғауға арналған мектептің кез келген оқыту ісіне қатысуға шақыртылады.

## **7. ПРАКТИКАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ ПЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТӘРТІП КОДЕКСІ**

Оқушылар алдындағы өз міндеттерін орындау және оған қолдау көрсету үшін Haileybury Astana мектебі тиісті анықтамалықтарда кәсіби нұсқаулықтар есебінде жарияланатын алдыңғы қатарлы озық стандарттармен келіседі. Оның қатарына физикалық байланыс туралы нұсқаулық; межеленген мөлшерде ғана күш қолдану; киім ауыстыру бөлмелерін бақылауға алу; сөйлеу тілі; тінту және конфискациялау; оқушымен жеке жұмыс істеу; әлеуметтік желілер; жәбірлеу; фавориттік әрекет; сыйлық және жеке сабақтар енген.

Мектеп қызметкерлері «Балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істейтін ересектер үшін қауіпсіз жұмыс істеу тәжірибелері» (DfE 2009) және «Балалар қауіпсіздігі үшін біріге отырып жұмыс істеу» (DfE қыркүйек 2020) құжаттарында көрсетілген нұсқаулықтарды басшылыққа алулары тиіс.

Практикалық нұсқаулыққа мыналар жатады:

- барлық балаларға құрметпен қарау;
- өзін жақсы ұстау арқылы балаларға үлгі көрсете білу;
- балалардың өздерін қорғайтын шешім қабылдауға атсалыстыру;
- балалар арасындағы қауіпсіз, жағымды әрі бірін-бірі құрметтейтін мінез-құлықты қолдап отыру;
- жақсы тыңдаушы бола білу;
- балалардың жүріс-тұрысындағы өзгерістерді бақылауға алу, сонымен қатар қатыгездік әрекеттер мен кемсіту әрекеттерінің орын алмауын қадағалау;
- өзін-өзі ұстай алмаушылықтың, жеңілтектіктің қиянат келтіретін немесе бақытсыздыққа душар ететін мінез-құлық көрсеткіші екенін мойындау;
- мектептің балаларды қорғау және қауіпсіздігіне қатысты Саясатын оқу және

түсіну, сонымен қатар қорғауға қатысты өзге де кеңірек қарастырылатын жетекші құжаттармен танысу, оның ішінде кемсітумен күрес, жүріс-тұрыс, саяхаттар, әлеуметтік желі мен Интернеттегі қауіпсіздік, алғашқы көмек, денсаулық пен қауіпсіздік, құпиялылық;

- денешынықтыру сабағында балаға қатысты физикалық қолдау көрсету, физикалық контакт, музыка сабақтарында дұрыс көрсету мақсатында немесе алғашқы көмек көрсету мақсатында балаға жақындамас бұрын оның рұқсатын алу;
- баламен сөйлесудің және әрекетке түсудің тиісті стандарттарын ұстану және тұрпайы, кемсіту мағынасындағы сөздерді қолдануды болдырмау;
- баламен бөлме ішінде сөйлескен кезде баланың ешқандай қауіпке ұшырамауы үшін мұғалім үнемі көрініп тұратын болуы керек, бұл мұғалімге жалған айыптың тағылмауына септігін тигізеді;
- оқушыларға арналған мектеп дәретханалары мен киім ауыстыру бөлмелерінің ересектер мен қызметкерлердің қолданбауын және кірмеулерін қамтамасыз ету;
- кейбір балалардың отбасындағы жағдай, жеке басының жағдайы немесе өмір сүру салты күш көрсету, қатыгездік таныту әрекетінің құрбаны болу тәуекелін арттыратынын білу;
- шекті күш қолдану әрекеті тек қана Мектептің шектеулі күш қолдану Саясатына сәйкес қолданылуы тиіс;
- баланың жайлы өмірі мен қауіпсіздігіне қатысты кез келген қауіптің барлығы қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы мен қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы орынбасарына бағытталуы тиіс; ал қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы сыртқы агенттіктерге жібереді;
- балаға қатысты қарым-қатынас жасау мен әлеуметтік желілерді және онлайн желілерді қолдану барысында Мектептің ережелері сақталады;
- оқушылармен болатын физикалық байланыс және шекті күш қолдану туралы; білім берудегі балалардың қауіпсіздігін сақтау 2018 ережелері SEN бөліміндегі балаларға және мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасау тақырыбына жеке тоқталады. Шектеулі күш қолдануды жүзеге асыру мүмкін болатын кей жағдайлардың болуы мүмкін, не болмаса ол стратегияның бір бөлігі болуы да ықтимал, ол өзіне көңіл аударуды талап еткен жеңілтектік әрекетті басу үшін қолданылады;
- дей тұрғанмен, Nailebury мектебінде физикалық байланысты оқушы, ата-ана немесе бақылаушы тарапынан дұрыс қабылданбауы мүмкін. Көзқарастардың түйісуі, оның ішінде жақсы ниеттегі әрекеттер, мысалы, иығына қол арту әрекеті қайталанып жасалса, сұрақ тудыруы ықтимал. Ережеге сәйкес, қызметкер баламен физикалық қатынасқа түспеуі тиіс. Бұл сұраққа қатысты мектептің жеке бөлек саясаты бар және бұл туралы мектеп қызметкерлері оның мазмұнымен таныс болулары шарт.

Барлық мектеп қызметкерлері әрбір жаңа оқу жылы басталғанда және өз қызметіне кіріскен кезде Қауіпсіздік мәселесіне қатысты Кодекс пен Тәртіп Кодексімен танысып, қол қоюлары тиіс.

## **8. СЕНИМГЕ ҚИЯНАТ ЕТУ**

Барлық мектеп қызметкерлері балаларға қатысты лайықсыз әрекетке баруға болмайтындарын біледі және олардың балаларға қатысты қарым-қатынасы таза, мінсіз болуы керек.

Оған қоса, қызметкерлер Ұлыбританияның жыныстық қылмыстар жайлы 2003 жылы шыққан Заңына сәйкес 18 жастан жоғары тұлға сенімге кіру арқылы өзінен жас адаммен жыныстық қарым-қатынасқа түсетін болса, тіпті бұл байланыс екі жақтың өзара келісімі арқылы жүзеге асатын болса да, ол қылмыс болып саналады. Бұл дегеніңіз, мектеп қызметкері мен 18 жастан кіші мектеп оқушысы арасында жыныстық қарым-қатынас болатын болса, Ұлыбританияда бала қылмыс жасынан ересек болса да, қылмыс болып табылады.

Осыған байланысты, Ұлыбритания азаматтары мен тұрғындары Ұлыбритания мемлекетінен тыс жерде жыныстық қарым-қатынасқа түсу арқылы қылмыс жасаған болса, ал ол өз кезегінде Англия мен Уэльсте жыныстық қарым-қатынасқа түскендігі үшін қылмыс болып табылатындықтан, 2003 жылғы жыныстық қылмыстар жайлы Заңының 72 бабына сәйкес 2020 жылғы Білім берудегі балалардың қауіпсіздігін сақтау ережесі жақында жаңартылуына байланысты қылмыскер болып табылуы мүмкін,

<https://www.legislation.gov.uk/ukpga/2003/42/section/72#commentary-c20916651>

Сонымен қатар балалардың порнографиялық суреттерін бір-біріне тарату, оның ішінде секстинг суреттерімен бөлісу, сондай-ақ әлеуметтік медиа арқылы да бөлісу қылмыс болып табылады.

Мектеп қызметкерлері өз дәрежелері мен қызметтерін оқушылармен жыныстық қарым-қатынас орнатып, оны дамыту мақсатында немесе **сондай қарым-қатынас әсерінен оқушының мектептен кету жағдайы орын алатындай** мақсатта қолданбаулары тиіс. Осылайша, өзінің бұрынғы оқушыларымен болған жыныстық қарым-қатынасы егер қызметкер ол оқушы мектепте болғанда қарым-қатынасқа түсуге ниет білдірсе, сеніміне қиянат келтірген болып табылады да, қылмыстық іс ретінде қайта қозғалуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында келісім жасы 16 жас болып табылады. Келісім жасы - бұл заң жүзінде жыныстық қарым-қатынасқа түсуге келісім беретін тұлғаның жасы жеткілікті ересек жас болып табылатын минималды жас. 15 жастағы және одан жас тұлғалар Қазақстанда ешқандай жыныстық қарым-қатынасқа түсуге келісім бере алмайды, сонымен қатар мұндай әрекет заң бойынша зорлау әрекеті ретінде сот деңгейінде тергеуге немесе жергілікті заң органдарының шешімі бойынша қылмыс болып табылады. Қазақстан Заңының зорлау туралы заңы жасы 16 жастан кіші адаммен келісім бойынша жыныстық қатынас орын алған жағдайда бұзылған болып табылады.

## **9. ҚЫЛМЫС ҚҰРБАНЫ БОЛУҒА БЕЙІМ БАЛАЛР**

Кейбір балалар қатыгездікпен күш көрсету құрбаны болу тәуекелі жоғары болуы мүмкін. Мұның бәрі оның әлеуметтік ұстанымдары мен болжамдары, сонымен қатар балалардың үйіндегі түрлі жағдайларды байқай алмаудан болады,

бұл жерде оның тұлғалық, бұзақылық немесе адамның жағдайы есептелмейді. Көптеген факторлар тәуекелді арттырады, оның ішінде ескі көзқарастар мен дискриминация, оқшаулану, әлеуметтік оқшаулану, қарым-қатынасқа түсу қиындығы және кейбір ересек адамдардың болғалы тұрған күштеудің болатынына сенгілері келмеуі бар.

Балаларымызды теңдей қорғаныспен қамтамасыз ету үшін төменде тізімде көрсетілген балаларға әсіресе көбірек көңіл бөлуіміз қажет:

- мүгедек немесе білім беруде қосымша көмек қажет ететін балалар;
- үзілістер мен демалыс кезінде үйде болатын жас қамқоршылар;
- үй жағдайындағы күш көрсету орын алған кездегі өмір;
- ата-аналарының психобелсенді заттарды асыра қолдануының құрбаны болғандар;
- өз үйінен алыста болу;
- қорқытуға бейім және топтық қорқытуға қатысуға бейімділік;
- уақытша баспанада тұру;
- ауыспалы өмір кезеңі;
- жайсыз, лас үй жағдайында өмір сүру;
- дискриминация және нәсіліне қарай қатыгездік танытудың, этникалық шығу тегіне, дініне, мүгедектігіне немесе жыныстық ориентациясына қарай құрбан болуға бейім;
- жыныстық қарым-қатынас құрбаны болған немесе қатысы болған;
- немесе мектеп қызметкеріне өзінің ағылшын тілін жетік білмегені үшін өзінің жағдайын дұрыс жеткізе алмауы;
- білім алуда қосымша көмекке мұқтаж балалар өз сыныптастарынан оқшаулануға бейім болып келетіндіктен, кемсіту мен жәбірлену әрекеттерінен көбірек зиян шегеді. Сол себепті мектепте білім алуда қосымша көмекке мұқтаж балаларға көбірек көңіл бөліп, қолдау көрсетеді.

## 10. БАЛАЛАРДЫҢ ЖОҒАЛУЫ

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен оларға күтім жасаудағы өз міндеттемелерін орындау үшін Мектеп балаларды тіркеу мен сабаққа қатысу процедураларын жүйелі түрде және нақтылықпен жүргізуі тиіс. Мектеп сабаққа келмей қалған баланың қатыгездік әрекеттің құрбаны немесе қамқорлыққа алынбауының, оның ішінде, жыныстық қарым-қатынасқа мәжбүрлеу мен жыныстық күштеу әрекетінің құрбаны болуы мүмкін деген қауіпті теріске шығара алмайды. Сол себепті қызметкерлер баланың сабақта жоқ болуына дереу мән беріп, сабаққа қатысу Саясатының бір бөлігі болып табылатын із-түзсіз жоғалып кеткен балалар туралы Мектеп процедураларына сәйкес әрекет етуі қажет.

Мектеп директорлары демалыс алдында немесе демалыстан кейінгі баланың заңсыз түрде сабаққа келмеуіне ерекше мән беріп, оның үстіне бала бірнеше рет жоқ болып кеткен болса, осыдан келіп туындайтын кез келген сұрақты қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы мен оның орынбасарына хабарлануы тиіс.

Басқарушылар кеңесі сабаққа келмей қалған балаларға қатысты балаларды қорғау бойынша қолданылатын шараларды басшылыққа алу қажеттігін мойындайды, әсіресе баланың бірнеше рет сабақтан қалуы, мұндай жағдайда баланы қатыгездік күш көрсету мен кемсіту құрбаны болудан құтқару үшін, оның ішінде жыныстық қарым-қатынасқа мәжбүрлеу мен зорлаудың алдын алып, қауіпті болдырмауға тырысады.

## **11. БАЛАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ҚОРҒАУЫНА КӨМЕКТЕСУ**

Балаларды қауіпті басқарып, оны түрлі тәсілдер арқылы түсіну білуге үйретеді, оның ішінде PSHCE сабақтары да бар. Оларға өмірде кездесуі мүмкін қауіптер туралы ойлануға және оларды қалай жеңуге болатыны туралы ой салады. Мұндай талқылаулар мүмкіндіктер санын арттырып, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге көмектеседі. Оларды қорқу мен үрейдің жеңуіне емес, барлық нәрсені ақылға жеңдіре отырып әрекет етуді үйренеді. Балаларды өздерін қауіпсіз әрі жауапты ұстай білуге үйретеді. Сонымен қатар оларға онлайн-қауіпсіздік пен келемеждеуге қарсы тұра білу процедуралары жайлы үздіксіз ескертіп отырады. Мектеп өзін ғана емес, өзгелерге де құрмет көрсетіп, қамқорлық көрсетуді таратып отырады. Балаларға өздерін мазалаған кез келген сұрақ бойынша мектеп қызметкерімен сөйлесуге болатындығы ескертіледі.

## **12. БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ ҚОЛДАУ**

Балаларға қатыгездікпен қарау олардың жанын ауыртатын процесс. Бұл өз кезегінде осы процеске араласқан қызметкердің де күйзеліске түсіп, қауіп сезінуіне әкеп соқтырады. Мектеп балаларға, отбасыларына қолдау көрсеткендей, қызметкерге де қолдау көрсетеді.

- Кез келген сезікті әрекет пен ақпараттың жайылуына күдікпен, зор мән беріп қарау;
- Байланыс тұлғасын белгілеу (әдетте ол қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы DSL) ол өз кезегінде барлық тараптарды қажетті ақпаратпен хабардар етіп отырады да, байланысу орталығы болып табылады;
- Егер қызметкерге бала тарапынан жала жабылған болса, оларды байланыстыратын үшінші тұлға тағайындалады, бұл әрекет қызығушылықтар соқтығысының болуынан және оған қандай да бір қолдау көрсетуді болдырмаудың алдын алады;
- Балалардың кез келген өтінішіне немесе қызметкердің өз мазасыздығы мен күйзелісін жеңу үшін үзіліс қажеттігі туралы айтқан өтінішіне құлақ асу;
- Құпиялылықты сақтау және қызмет бойынша ақпарат алмасуда да тиісті агенттіктер мен жауапты тұлғаларға ғана айту;
- Жазбалардың қауіпсіз жерде сақталуы;
- Телефон арқылы көмек беру желілеріне мән беру, кеңес беру немесе сыртқы көмек көрсетудің өзге де әдіс-тәсілдерін толық сипаттау;
- Жоғарыда көрсетілген процедуралардың орындалуын қадағалау, орын алған



- бұзақылық, шағым және тәртіпке шақырушылық шаралар жайлы хабарлау, және
- Тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе қызмет ету.

### **13. ШАҒЫМДАНУ ПРОЦЕДУРАСЫ**

Егер оқушы өзін жәбірлеген, күш көрсеткен жағдай туралы алаңдаушылық білдіретін болса, сол оқиғаға қатысты балаларды қорғау бойынша ешқандай шара қолданылмаған болса, ата-ана немесе оқушы шағымы мектептің шағымдану процедурасына сәйкес қабылданады. Мұндай әрекетке оқушыны өзге сыныптастарынан оқшаулап бөліп тастау немесе оны кемсіту, қорқыту не болмаса оны төмендетіп, оған қатысты қандай да бір дискриминациялауды жүзеге асыру жатады. Мұндай шағымдарды басқарушылар мен мектептің жоғары басшылық мүшелері қарастырады. Қызметкерлердің шағымы мектептің жүріс-тұрыс, тәртіп Саясатына сәйкес қарастырылады.

### **14. ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӘРІПТЕСІ ЖАЙЛЫ АЛАҢДАУШЫЛЫҚ БІЛДІРУІ**

Өз әріптесінің балаға деген қарым-қатынасына алаңдаушылық білдірген мектеп қызметкері қиын жағдайға тап болады. Ол қандай да бір жағдайды дұрыс түсінбей қалдым деп мазасыздануы мүмкін, егер жаңсақ түсінген болса, өз әріптесінің қызметіне кедергі келтіремін деп күдіктенуі ықтимал. Дегенмен бүкіл мектеп қызметкерлері баланың саулығы мен қауіпсіздігінің бірінші орында тұратын маңыздылығын есте сақтаулары тиіс. Мектептің заң бұзушылықты жария ету саясаты орын алған қиын жағдайды немесе айыптау жайлы қызметкерлерге құпия түрде хабарлауға, оны астыртын бақылауға мүмкіндік береді. Әріптесінің балаға дұрыс қарамауы, күш қолдануы, жәбірлеуі секілді әрекетін көрген болса, мектеп қызметкері шұғыл түрде мектеп директорына хабарлауы тиіс. Мектеп директорының атына түсірілетін шағым Басқарушылар Төрағасына беріледі.

### **15. ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ҚАРСЫ АРЫЗ ЖАЗУ**

Мектеп қызметкерінің атына арыз келіп түскен кезде, тиісті процедуралар бойынша әрекет ету тиіс. Баланың жалған немесе ойластырылған арыз жазуы сирек кездесетін жағдай, дегенмен кейде бірін-бірі дұрыс түсінбеушілік, дұрыс қабылдай алмаушылық орын алатын жағдайлардың болуы әбден мүмкін.

Кейде балалар нағыз қылмыскерді атап көрсетуден қорқатындықтан, жазықсыз адамды айыптап, соның атынан шағым түсіруі жиі кездесетін жайт. Тіпті мұндай кезде де біз нағыз кәсіпқой мамандардың өздері бала өміріне қауіп төндіретінін ұмытпауымыз қажет, сол себепті кез келген айыптауға көз жұмбай, мұқият тексеру керекпіз. Айыптау нысаны болған мектеп қызметкері өздеріне қатысты істі әділ, тез әрі жүйелі түрде қарастырылуына талап етуге, сонымен қатар істің жүргізілуі жайлы ақпарат алып отыруға толық құқылы. Жұмыстан шеттету үнсіздік келісім бойынша орын алмайды, қызметкердің жұмысын тоқтату жайлы шешім жіті қарастырылып барып шығарылады. Кей жағдайларда бала өмірінің



толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қызметкер өз қызметінен уақытша шеттетілуі мүмкін.

Қызметкерді айыптау орын алғанда, қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы мен қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарын қоса алғанда, мектеп директорына хабарлау қажет. Егер мектеп директоры жоқ болса, барлық қызметкерлерге қатысты шағымды басқарушылар Төрағасына хабарлау қажет.

Мектеп директорының немесе басқарушылар кеңесінің мүшесі атына түсірілетін шағым басқарушылар Төрағасына беріледі.

Мектеп қызметкерлерінің атына түсірілген шағымдарды қарастыру бойынша Ұлыбританияның толық процедуралары мен заңнамалық нұсқаулықтарымен «Білім берудегі балалардың қауіпсіздігін сақтау» (DfE) құжатында танысуға болады.

## 16. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ

Мектеп қызметкерлерінің оқу курстарынан өтуі өте маңызды, олар қатыгездікпен күш көрсету, жәбірлеу немесе кемсіту белгілерін анықтап, қандай да бір қауіпті сезген жағдайда тез арада шара қолдана алулары тиіс. Мұғалімдердің онлайн-оқыту платформасына кіру рұқсаттары бар, сол себепті де олардан тұрақты түрде нақты модульдер бойынша оқу курстарынан өтіп тұрулары күтіледі. Барлық мектеп қызметкерлері жыл сайын күндізгі оқу курсынан өтеді.

- Жұмысқа жаңадан қабыладанатын қызметкерлер мен басшыларға кіріспе нұсқаухатта түсіндіріледі, балаларды қорғау мен қауіпсіздіктеріне қатысты Мектептің Саясаты мен процедуралары жайлы, есеп беру мен жазба жүргізу, қызметкерлерге арналған түрлі анықтамалықтардағы кәсіби нұсқаулықтар, қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының байланыс мәліметтері және «Балалардың білім берудегі қауіпсіздігін сақтау» ережесінің бірінші бөлімінің көшірмесі беріледі.
- Барлық қызметкерлер, мектеп директорын және басқарушыларды қоса алғанда, Ұлыбританияда және шет елдерде тиісті заңнамалық органдарының талаптарына сәйкес жаңартылып отыратын оқу курсынан өтіп отырады, сонымен қатар кем дегенде «Балалардың білім берудегі қауіпсіздігін сақтау» ережесінің бірінші бөлімінің көшірмесін оқып, танысып шығулары керек; заңнаманың соңғы уақытта жаңартылуына байланысты келесі оқу курсына мыналар енгізіледі:
- Тәртіп сақтау, марапаттау және санкциялар саясатына шолу;
- Сабақтан қалу (бастауыш сыныптар сияқты, ересек сынып оқушыларына да қатысты);
- Интернеттегі, сонымен бірге Educare курсындағы қауіпсіздікті үйрету.
- қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы мен қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары екі жылда бір рет жаңартылып отыратын балаларды қорғау мен қауіпсіздікке қатысты оқу курсынан өтеді, оның ішіне халықаралық жағдайларда талап етілсе, ведомствоаралық процедуралар да енгізіледі;

- белгілі бір қызмет атқаратын уақытша қызметкерлер мен еріктілер де тұрақты түрде балаларды қорғау мен қауіпсіздікке қатысты оқу курсынан өтеді;
- мектепке келушілер мен келіп-кетуші қызметкерлер үнемі мектептің бір қызметкерінің бақылауында болады;
- өзге ұйымдар арқылы келетін барлық қалған қызметкерлер Мектептің Саясатымен және процедуралармен, қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы мен қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарының байланыс ақпараттарымен таныстырылады.

## **17. ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК**

Мектеп қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде «қауіпсіз» қызметкерлерді қабылдауға тырысады, «Балалардың білім берудегі қауіпсіздігін сақтау» ережесін (DfE) басшылыққа алады, сонымен қатар мектеп процедуралары мен саясаттары да, бапкерлер, серіктестер мен жалданушыларға қатысты саясаттарды да ескереді.

### **Жұмысқа қабылдаудағы қауіпсіздік дегеніміз, жаңа қызметкерлер:**

- еңбек өтілін көрсете отырып сауалнаманы толтырады;
- кем дегенде екі пікір беруші адамды ұсыну, мектеп директорының да болуы шарт, пікір берушінің біреуі үміткердің балалармен жұмыс істеуге жарамдылығын растайтын пікір беруі тиіс;
- жеке куәлігі мен кәсібилігін растаушы құжаттар ұсыну;
- егер үміткер Ұлыбритания немесе өзге де шетелдік агенттіктерде шет елдік азаматтар үшін жұмыс істеген болса, атқарған рольдеріне сәйкес ақпараттарды жария ету және тыйым салу Қызметтерінің (DBS) шарттарына сәйкес тексеруден өту;
- жұмыс рұқсатнамасын алу үшін Қазақстанда жұмыс істеу құқығының бар екеніндігінің дәлелдемесін көрсету; және
- Пікірлесуден өту.

### **Жұмысқа қабылдаудағы қауіпсіздік аясында Мектеп төмендегі мәліметтермен қамтамасыз етіледі:**

- Үміткер өзінің қызметтік міндеттемелерін атқаруға кіріспес бұрын оның ақыл-есі дұрыстығы мен физикалық дайындығы тексеріледі;
- Қызметкерлерді жұмысқа алу бөлімінің кем дегенде бір қызметкері қауіпсіз жұмысқа алу бойынша оқу курсынан өткен болуы шарт;
- Пікір берушінің кем дегенде біреуімен мектеп хабарласып, ауызша пікірін тыңдайды;
- Қызметке жаңадан қабылданатын кез келген қызметкер кіріспе нұсқаулықтан өткізіледі, балаларды қорғау мен қауіпсіздікке қатысты мектептің процедураларымен, саясатымен танысады, сонымен қатар балаларды қорғауға қатысты оқу курсынан өту барысында олардың қажеттіліктері анықталады;
- Барлық мектеп қызметкерлері Тәртіп сақтауды қорғау кодексінің бір бөлігі болып табылатын балаларды қорғау мен қауіпсіздікке қатысты мектеп процедурасы мен саясатының көшірмесін алғандығын растау мақсатымен қол қоюы шарт, және

- Жабдықтау агенттіктерінен агенттік қызметкерлерінің барлығының дерлік тиісті тексеруден өткізілгендігін растайтын хат алу;

Мектепке жұмысқа қабылдау туралы толық ақпаратты Жұмысқа қабылдаудағы қауіпсіздік саясатынан алуға болады.

### **Еріктілер**

Еріктілер, оның ішінде, басқарушылар да, Мектептегі жұмысына қатысты және балалармен қарым-қатынасқа түсуіне орай тиісті тексеруден және тәуекелді бағалау тексерісінен өтеді.

### **Бақылаудағы еріктілер**

Тек бақылауда бола отырып, ешқандай реттеу қызметтеріне араластырылмай жұмыс істейтін еріктілер жұмысқа қабылданар алдында өзінің атқаратын роліне сәйкес Мектептің тәуекелді бағалау процестері мен бекітілген заңды нұсқаулықтар сүйене отырып қауіпсіздікке қатысты тексерістен өтеді.

### **Мердігерлер**

Мектеп жұмыс істейтін барлық мердігерлердің жеке куәліктерін тексереді және қажет болған жағдайда полиция бөлімшесінен тиісті құжат талап етеді.

## **18. САЙТ ҚАУІПСІЗДІГІ**

Мектеп қауымдастығының кез келген мүшесі нысанның қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы және қаскүнемдердің зиян келтірмеуін жіті бақылауға алулары тиіс. Мектептің қауіпсіздік қызметтерінің командасы сайт қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз етеді және олармен 24\7 режимінде Қауіпсіздікті басқару бөлмесіне келіп хабарласуға болады.

Мектепке келушілер, оның ішінде мердігерлер де, жүйеге негізгі кіреберіс арқылы енулері тиіс, ол жерде оларға бау тағылған келуші белгісін береді. Негізгі қорғаныс ақпаратымен барлық келушілер таныстырылады. Келушілерді олардың жай-күйі мен мектепке келу мақсатына байланысты қасында мектеп қызметкері еріп жүруі шарт. Барлық мектепке келушілер Мектептің балаларды қорғау мен қауіпсіздіктеріне қатысты, денсаулықтарын сақтауға байланысты ережелерін сақтауы тиіс.

## **19. ҮШІНШІ ЖАҚТЫҢ ҚОЛДАНУЫ ЖӘНЕ САЙТ СЫРТЫНДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР**

### **Мектеп нысандарын сырттан келушілердің қолдану реті**

Мектеп нысандарын, оның ішінде әсіресе, спорт нысандары үшінші жақ тараптың жалға алынуы арқылы қолданыста болуы мүмкін, сол себепті Мектеп үшінші тараптың тұлғаларын және оларды бақылауға алмайды, жүріс-тұрысына жауап бермейді. Дей тұрғанмен, Мектеп белгілі бір мөлшерде сырттан келушілерден мүмкіндігінше балаларды қорғауға және жұмысқа қабылдаудың қауіпсіз болуын қамтамасыз етуге тырысады. Сырттан келушілер де Мектептің жүруге болмайтын,

тыйым салынған аумақтары бар екендігінен хабардар.

Сырттан келушілер мектептің нысандарын жалдауға рұқсат алу үшін өз жұмыс орындарының балаларды қорғауға қатысты саясаттарының көшірмесін Мектепке әкелулері тиіс. Барлық сырттан келетін үшінші тарап өкілдері балаларға қатысты іс-шара өткізетін болса, төмендегі мәліметтерді мақұлдап, декларацияға қол қоюлары қажет:

- сырттан келетін үшінші тарап өкілдерінде балаларды қорғау саясаты бар;
- сырттан келетін үшінші тарап өкілдерінен еріктілер мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдауда қауіпсіздік ережелері сақталады;
- барлық қызметкерлер мен еріктілер қауіпсіздік пен балаларды қорғауға қатысты тиісті оқу курсынан өткен.

Мектеп директоры немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы, не болмаса қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары сырттан келген үшінші тарап өкілдері мектеп аумағында болғанда бала қауіпсіздігімен байланысты орын алған кез келген оқиға мен оқыс жағдайлар туралы шұғыл хабардар болулары тиіс.

### **Мектеп нысандарын қолданушы физикалық тұлғаның немесе сырттан келген үшінші тарап өкілінің тарапынан болған қиянат келтіру әрекеттері жайлы арызды қарастыру процедурасы**

Қатыгездік таныту туралы арыз сырттан келген үшінші тарап өкілі ересек адамға қатысты болса, ұйымның қауіпсіздік қызметтерінің қызметкері Мектеп директорына немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысына, не болмаса қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына оқиға болған күні немесе қылмыс ашылған кезде, тіпті болмаса анықталған сәтте бірден хабарлауға міндетті. Мектеп сырттан келушінің өз ұйымының балаларды қорғау саясатына жүгінеді деп күтеді, сондықтан мектеп директоры мектеп нысандарын әрі қарай қолдануға рұқсат етпес бұрын, өз мекемелерінде болған жағдайды қарастырып, тиісті шара қолдануын талап етеді.

### **Сырт жақта балалардың қауіпсіздігіне жауап беретін сыртқы ұйымдар**

Біздің балаларымыз мектептен тыс жерде өзге ғимараттарға білім алу мақсатында баратын болса, оның ішінде, күндізгі сапарлар мен тұрғылықты мекеніне байланысты сапарлар, сонымен қатар жұмысқа қатысты іс-сапарлар, біз Мектептің білімге қатысты сапарлар Саясатында көрсетілгендей балаларға қолданылатын тиімді қорғаныс шараларының болуын тексереміз.

## **20. СУРЕТКЕ ТҮСІРУ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕР**

Суретке түсіретін немесе суреттерді, не болмаса видеоларды қарап отыратын адамдардың көпшілігі суретке не видеоға түсіргенде ешқандай мақсатсыз, санаға қонымды әрі түсінікті себептерге қатысты жасайды. Өкінішке орай, кейбір адамдар балалардың суреттеріне қатыгездік танытып, оларды суретке не видеоға басқа мақсатта түсіруді көздейді, сол себепті біз өзіміздің суретке түсіру рұқсатымыздың бар екендігін кепілдендіруіміз қажет.

Балаларымызды қорғау үшін:

- Ата-аналар өз балаларының суреттерінің әлеуметтік желі беттерінде жарияланғанын қаламаса, ол туралы айтып ескертулері қажет;
- Ақпараттық бюллетеньдерге, біздің веб-сайттар мен мектептің атынан шығатын кез келген жарияланымда жарық көретін оқушыларымыздың суреттерін құрметтеп, байқампаздық танытуымыз керек; және
- Балаларды өздерін мазасыздандыратын суретке түсіру әрекеті орын алған болса, міндетті түрде хабарлау керектігін үйрету.

## 21. ОНЛАЙН ҚАУІПСІЗДІК

Қазіргі күнделікті өмірде балалар компьютерлер, планшеттер мен мобильді құрылғыларды жиі қолданатын болды. Олар ақпарат алу көзі және көңіл көтеру жолы, сонымен қатар қарым-қатынас жасау мен білім алу құралдары да болып табылады. Дей тұрғанмен біз кейбір ересек адамдар мен жасөспірімдердің бұл технологияларды балаларға қиянат келтіру үшін қолданатынын да білеміз. Ондай әрекеттер жәбірлеу мақсатындағы немесе келемеждеу мәтіндерінен, электронды хаттардан басталып, балаларды жыныстық қауіпті әңгімеге тартуға дейін барады, сондай-ақ веб-камера алдында суретке түсу немесе жеке кездесулерге шақыруға дейін баруы мүмкін. Алдын-алу міндеттемесі мектептің радикалдықа немесе лаңкестікке бейім жандарды Интернет және әлеуметтік желі арқылы атсалысудан қорғауын талап етеді.

Мектептің Интернеттегі қауіпсіздік саясаты Ақпаратты технологиялар саясатында қарастырылған. Бұл біздің балаларды мектепте қаншалықты қорғауға тырысатынымызды түсіндіреді. Балалар тарапынан мәтіндік хабарламалар мен электронды хаттар арқылы Интернеттегі қорқыту мен секстингтің орын алуы кез келген өзге де агрессивті әрекеттер секілді мұқият қарастырылады, өз кезегінде мектебіміздің жәбірлеуге қарсы күрес процедуралары көмегімен бақылауға алынады. Төменде көрсетілген шаралар мектептегі онлайн-қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылады:

Ақпараттық технологиялар саясаты: жасауға рұқсат берілетін және рұқсат берілмейтін әрекеттер айқын көрсетіліп, тараптардың барлығын қорғайды. Оқушылар әр жаңа оқу жылының басында осы процедурамен танысып қол қояды деп күтіледі, бұл процесс мектептің ақпараттық технологияларын қолдануға рұқсат берілместен бұрын жүзеге асырылады.

- **Кіріспе курс және білім:** мектепке келген соң балалардың барлығы мектептің ақпараттық технология құралдарын және осы саясаттың өзге де аспектілерін қолдануды үйренеді. Сынып жетекшілері мен сынып мұғалімдері балаларға әрқашан оқу жылының басында тәртіп кодексі мен олардың міндеттері туралы естеріне салып отырулары қажет. Бұл ақпараттарға қоса **PSHE** сабақтарында да Интернеттегі қауіпсіздік жайлы тың оқу материалдары беріліп отырады.
- **Бақылау:** мектеп компьютерлер жүйесін қолдануды, оның ішінде Интернетті қолдануды бақылауға алуда өз құқығын жүзеге асырады, кез келген уақытта электронды почталардағы хаттарды қолға түсіріп, оқу бағдарламасына сәйкес

келмейтін материалдарды жойып жібере алады. Егер мектеп компьютерлер жүйесінің заңсыз қолданылғанын анықтаған жағдай орын алса немесе орын алғалы жатқаны анықталса, не болмаса жүйе заңсыз мақсатта қолдануда немесе қолданылғалы жатса, Мектеп тиісті ұйымдарға хабарлап, дәлелдейтін құжаттарды көрсетуді өз еркіне қалдырады. Компьютерлік жүйе мектепке тиесілі және оны балалар өз білімдерін дамыту және таным-түйсіктерін кеңейту мақсатында қолданылады.

Қызметкерлер мүшелері де әлеуметтік желілерді және балалармен электронды қарым-қатынас жасауға қатысты «Балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істейтін ересектердің қауіпсіз жұмыс істеуіне арналған нұсқаулықтар» (DfE, наурыз 2009 ж.) және Әлеуметтік желі. Медиа-саясатта ұсынылған ережелерге сәйкес кеңестер алып отырады,

Бұл қызметкердің мына жағдайларды қамтамасыз етуге міндеттейді:

- Әлеуметтік желілердің жеке сайттарының жабық болуын және оқушылардың рұқсат етілген байланыс тізімінде болмауын қамтамасыз ету;
- Ешқашан оқушылардың әлеуметтік желілерін қолданбаңыз және олармен қарым-қатынасқа түспеңіз;
- Оқушыларға өз жеке басыңызға қатысты мәліметтерді, оның ішінде байланыс нөміріңізді бермеңіз;
- оқушылармен Мектеп ұсынған құрылғы арқылы ғана хабарласуға тырысыңыз, мысалы мектеппен саяхатқа шыққанда, экспедицияларға барғанда;
- оқушылармен тек кәсіби себептер туындағанда ғана және Мектеп саясатына сәйкес хабарласыңыз, хабарласу үшін тек мектептің электронды поштасын немесе Firefly қызметін қолданыңыз;
- мәтіндік хабарламалармен немесе әлеуметтік хабарламалармен алмасу келісілген хаттаманың бір бөлігі ретінде ғана және өзге байланыс формалары қолжетімсіз болғанда ғана қолдану; және

Интернетті немесе байланыс арналарын желіде оқушыларға өзіңіздің жеке хабарламаларыңызды жіберу үшін қолданбаңыз.

Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы (DSL) және Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасары (DSL) ай сайын ИТ департаментінен мектеп хабарламасының мүшелері кіруге тырысқан қажетсіз веб-сайттарды басып шығарады. Бұл басып шығаруда келесі ақпарат болады:

- Сайт мекенжайы
- Сайтты бұғаттау күні мен уақыты
- Сайтты бұғаттау себебі
- Сайтқа кіруге тырысқан оқушылардың/қызметкерлердің тізімі.
- DSL бұл ақпаратты мектептегі сүзу және бақылау бағдарламалық құралының тиімділігін бақылау және балалар кіруге тырысатын веб-сайт түрлеріне қатысты кез келген тенденцияларды анықтау үшін пайдаланады.
- DSL сонымен қатар бұл ақпаратты қызметкерлер мен ата-аналардың орынсыз веб-сайттармен байланысты қауіптер туралы хабардарлығын арттыру үшін пайдаланады.

**Бұл ақпарат құпия болып саналады және тек балаларды қорғау үшін қажет қызметкерлерге беріледі.**

## **1 ҚОСЫМША: АТА-АНАҒА АҚПАРАТ**

### **Балаларды қорғау: оқушылар қауіпсіздігі – ата-аналарға берілетін ақпарат**

Haileybury Astana мектебі өз қамқорлығындағы балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге, қандай да бір күрделі зиянды әрекеттерден қорғауға талпынады. Бұл Мектептің мектеп аумағында және оның сыртында өткізетін кез келген іс-шараларына қатысты. Қызметкерлер мен еріктілер жұмысқа қабылданбас бұрын балалармен жұмыс істеуге жарамдылықтарын растайтын тексерістен өтеді. Олар балаларды қорғау және еңбек қорғанысы бойынша оқу курсынан өтеді. Олар туындаған кез келген мәселе туралы тиісті ұйымдарға қорғанысқа қатысты ресми жергілікті процедуралар ретін ұстана отырып хабар береді. Мектепте балаларды қорғау мен қауіпсіздіктері Саясаты бар, жыл сайын қарастырылып, мектептің веб-сайтында жарияланып отырады.

Келесі ақпараттардан ата-аналардың хабардар болғаны дұрыс:

- Мектепте қызметкерлер мен еріктілер баланың өміріне қатысты қандай да бір қауіпті сезген болса, тез арада хабарлаулары тиіс, мүмкін балаға қосымша қолдауға немесе қандай да бір көмекке мұқтаж болар, не болмаса баланың басы қатерге ілініп, қандай да бір қатыгездікпен күш көрсету құрбаны болуы ықтимал. Қатыгездікпен күш көрсетудің төрт түрі бар: физикалық, жыныстық күштеу, эмоционалдық және кемсіту;
- жекелеген жағдайларда Мектеп оқушы ісін баланың сұранысын анықтау және баламен орын алған қатыгездік күш көрсету әрекетін әрі қарай тергеу қажеттілігін білу мақсатында сыртқы агенттіктерге жіберуге мәжбүр болады, көптеген жағдайда баланың ата-анасымен және мектеп арасында талқылау болатындықтан, алда болатын жағдай мен қауіп-қатер ата-ана үшін тосын жағдай болып табылмайды. Дегенмен ата-ана өз балаларын мектептің сыртқы агенттікке бағыттағанын ешкімге айтпауы тиіс, бұл талап егер аталған жағдаят баланың өмірін қатерге тігетін болса немесе баласының қызығушылығы үшін ата-анасының сыртқа ақпарат таратпағаны дұрыс;
- егер балаңыз күштеудің құрбаны болды деп ойласаңыз, мектепке келіп кеңес, қолдау ала аласыз. Егер күштеу әрекеті мектепте орын алды деп күдіктенсеңіз (экспедиция барысында немесе сыныптан тыс іс-шара кезінде), сіз шұғыл түрде қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысымен немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарымен хабарласуыңыз керек; егер қатыгездікпен күш көрсету әрекетіне мектеп қызметкері қатысқан болса, сіздің тікелей мектеп директорымен хабарласуыңыз қажет, ал егер бұл іске мектеп директорының өзі қатысты болса, басқарушылар кеңесінің төрағасына хабарласуыңыз керек болады (толығырақ ақпарат мектептің веб-сайтында берілген).

- егер мектеп қызметкері балаға қатысты алаңдаушылық білдіретін болса, баланы қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысына немесе қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысының орынбасарына жіберу қажет, бұл баланың ата-анасына қосымша алаңдаушылық сезім тудыруы мүмкін. Маңызды нәрсе – ата-аналар да, Мектеп қызметкерлері де – жоғарыда көрсетілген мәселені барынша жайлы, тыныш атмосферада саналы түрде қарастыруға тырысады.

*Мектеп өзінің веб-сайтын жыл сайынғы kcsie басылымдарымен жаңартады (білім беру саласындағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету).*

***"Хэйлибери Астанадағы қауіпсіздік жөніндегі басшының міндеттеріне балаларды қорғау және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі саясатты мониторингілеу үшін толық жауапкершілік кіреді".***